

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің білім
басқармасы
«Геология барлау колледжі» КМҚК



КГКП «Геологоразведочный
колледж» управления
образования Восточно-
Казахстанского областного
акимата

0701000 «Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау»,
0703000 «Гидрогеология және инженерлі геология» мамандықтарына арналған
«Минералдар мен тау жыныстардың диагностикалық әдеттерін алу» оқу тәжірибеден
әдістемелік нұсқамасы

Турлыбаева А.М.

0701000 «Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлау»,
0703000 «Гидрогеология және инженерлі геология» мамандықтарына арналған
«Минералдар мен тау жыныстардың диагностикалық әдеттерін алу» оқу тәжірибеден
әдістемелік нұсқамасы

Колледждің әдістемелік кеңесінде бекітілген

Өзірленген 03.02.2020 ж
(мерзім)

Қайта өңдеген _____
(мерзім)

Семей қаласы, 2020 ж.

Мазмұны

№	Тараулар мен тақырыптардың атауы	Бет
1	Оқу тәжірибенің мазмұны	6
2	Жұмыс орнындау кезіндегі техника қауіпсіздігі	6
3	Минералогиялық және петрографиялық зерттеулердің әдістерімен танысу	6
4	Минералдардың макроскопиялық анықтау	7
5	Минералдардың анықтауының технологиялық қадамдары (далалық әдіспен)	7
6	Минералдардың жіктемесі	8
7	Табиғатта минералдардың пайда болу пішіні	8
8	Минералдардың физикалық қасиеттері	13
9	<i>Тақырып:</i> Сафкесекті элементтер	16
10	Сафкесекті металлдар	16
11	Сафкесекті бейметаллдар	19
12	<i>Тақырып:</i> Күкіртті қосылыстар (сульфидтер)	20
13	Қарапайым сульфидтер	20
14	Қос сульфидтер	26
15	Дисульфидтер	27
16	Күрделі сульфидтер (сульфатұздар)	29
17	<i>Тақырып:</i> Галогенидтер	30
18	Фторидтер	30
19	Хлориттер	30
20	<i>Тақырып:</i> Тотықтар	32
21	Қарапайым тотықтар	32
22	Күрделі тотықтар	36
23	Гидрототықтар	39
24	<i>Тақырып:</i> Силикаттар	41
25	Оңашаланған силикаттар	41
26	Сақиналы силикаттар	45
27	Тізбекті силикаттар	47
28	Ленталы силикаттар	48
29	Қабатты силикаттар	49
30	Каркасты силикаттар	52
31	<i>Тақырып:</i> Бораттар	53
32	<i>Тақырып:</i> Карбонаттар	54
33	<i>Тақырып:</i> Фосфаттар	56
34	<i>Тақырып:</i> Сульфаттар	57
35	<i>Тақырып:</i> Вольфраматтар	59
36	<i>Тақырып:</i> Молибдаттар	59
37	Тау жыныстардың зерттеу әдістері	60
38	Тау жыныстарды анықтаудың технологиялық қадамдары	60
39	Магмалық тау жыныстардың құрылымы мен түзілімі	60
40	Шөгінді тау жыныстардың құрылымы мен түзілімі	61
41	Метаморфты тау жыныстардың құрылымы мен түзілімі	61
42	<i>Тақырып:</i> Магмалық таужыныстар	62
43	Қышқыл таужыныстар	62
44	Орта таужыныстар	63
45	Негізді таужынытсар	64
46	Асанегізді таужынытсар	65
47	Желілі магмалық таужынытсар	66
48	Жанартаулық таужынытсар (құрамы тұрақсыз)	66
49	Түйірпекті (пирокластикалық) жанартаулық жынытсар	66
50	<i>Тақырып:</i> Шөгінді таужыныстар	67

51	Цементтелмеген түйіртпекті жыныстар	67
52	Цементтелген және тығыздалған түйіртпекті жыныстар	68
53	Сазды жыныстар	68
54	Хемогенді жыныстар	68
55	Органогенді жыныстар	69
56	Аралас жыныстар	70
57	<i>Тақырып:</i> Метаморфты таужыныстар	71
58	Қосымша сұрақтар	74

Оқу тәжірибенің мазмұны

Оқу тәжірибенің жалпы сипаттамасы, мақсаттары мен міндеттері, мамандарды дайындауындағы тәжірибе орны мен ролі.

Түлекті дайындау деңгейі мен мазмұн минимумына қойылатын талаптарды жүзеге асыруға арналған және де орта кәсіби білім беретін оқу орындарының барлық түрлері мен типтеріне және оқытудың барлық формаларына ортақ болып табылады.

Кристаллография, минералогия, петрография пәндерінің теориялық курсы аумағы бойынша минералдар мен тау жыныстардың диагностикалық әдеттерін алу үшін оқу тәжірибе өткізуіне арналған әдістемелік нұсқамасы.

Минералдар мен тау жыныстардың диагностикалық әдеттерін алу үшін оқу тәжірибені өткізген кезде теориялық білімдерді тереңдетуге және тәжірибе әдеттерін алуға болады.

Минералдар мен тау жыныстардың диагностикалық әдеттерін алу үшін келесі бағыттары болады: минералдар мен тау жыныстардың диагностикалық әдеттерін алған кездерде теориялық білімдерді қолдану;

жұмыстрадың дұрыс технологиясын игеру, өнеркәсіптік тәсілдердің әдеттерін алу;

минералдар мен тау жыныстардың жұмыс және эталонды жиынтықтарымен өзіндік пен жүйелік жұмыс;

анықтамалық методикалық әдебиеттермен жұмыс.

Жұмыс орнындау кезіндегі техника қауіпсіздігі.

- жұмыс орының тазалықта ұстау, жұмыс біткен соң оны жөнге келтіру;
- жұмыс басталғанша киім үлгісін тәртіпке келтіру;
- тұз қышқылымен (HCl) абайлап жұмыс жасау керек;
- тұз қышқылың иіскеlemeу, немесе ауамен араластырып тексеруге болады, сондықтан көз және дем алатын органдарға жақын ұстамау;
- тұз қышқылы теріге тиген кезде, сол жерді ағын судын астына 15-20 минут жуу керек, көзді жұған кезде оларды ашық ұстау және жан-жаққа карап жуу, сонда қышқыл толығымен кету керек; жууп болған соң теріге тиген жерін ас содасымен үстінен жабу;
- минералдар мен таужыныстарды бір-біріне лақтырмау;
- үстелдің үстінде жапқыш болмаса, оның үстіне минералдар мен таужыныстарды қоймау;
- минералдар мен таужыныстарды тұз қышқылымен тексерген кезде, зерттеп болған соң, оның беткейін сүрту керек;
- шынылы құралдармен, пышақ немесе басқа кескіш заттармен жұмыс жасаған кезде абай болу керек;
- жұмыс жасаған кезде тамақ ішуге қатан тиім салынады;
- қолды сабындап жуу;
- жұмыс біткен соң, жұмыс орының жөнге келтіру және қолдарды жуу.

Минералогиялық және петрографиялық зерттеулердің әдістерімен танысу.

Минералогиялық (және петрографиялық) зерттеулердің саласы кендер мен таужыныстарда минералдар мен минералды ассоциациялар болып келеді.

Минералогиялық зерттеулердің мақсаты:

- Минералдардың және минералды ассоциациялардың диагностикалауында (анықтауында);
- Минералдардың химиялық құрамын анықтауында, оның ішінде элемент-қоспаларда кіреді;
- Минералдардың кристалдың құрылысын анықтауында;
- Минералдардың пайда болу жағдайларын зерттеуде;
- Минералдар мен кендердің тәжірибелік қолдануының мүмкіншілігінде.

Минералдардың химиялық құрамын (элемент-қоспаларды да) келесі әдістер арқылы зерттейді:

- Химиялық анализ (толық немесе жарым-жарты);
- Эмиссионный спектральді анализ;
- Отты (пламенная) фотометрия;
- Атомды-абсорбционды анализ;
- Рентгено-флюоресцентті анализ;
- Рентгено-сепектралді анализ;
- Радиоактивациялық анализ;

- Люминисцентті анализ;
- Радиметриялық әдістер;
- Тұтқырлы анализ (пробирный);
- Масс-спектрокопия.

Химиялық әдісті қолданған кезінде минералдар -0,5-5 (г) дейін керек. Жоғары нақтылықпен анализдердің нәтижелері алынды. Оте қымбат және еңбек сыйымдылықты болып келеді. Сондықтан басқа әдістерді қолданады. Сезімділігі 10^{-7} % дейін.

Эмиссионды спектралды анализ минералдардың құрамын сандық және сапалық анықтау үшін жүргізіледі. Арзан әдіс, заттың саныда аз қолданылады (шамамен 0,1 г). Бірнеше элементтерге спектралды анализдің сезімділігі $10^{-3} - 10^{-5}$ %.

Отты фотометрия – эмиссионды спектралды анализдің бір түрі. Қоздырғыш көзі отты жанарғысы (горелка) болып келеді. Тез және қарапайым әдес. Нақытлығы 2-7 %. Көбінесе сілтілі және сілтілітопырақты элементтерді анықтауға қолданады.

Атомды-абсорбционды анализ отты фотометрия әдісіне ұқсайды. Зерттеліп жатқан элементтің қоздырылған атомдарымен, стандарты көздің (стандартный источник) сәулеленуді жұтуын анықтауында (әр элементтерге өзіндік лампа сипатты спектрмен).

Келесі сілтілітопырақты элементтерді анықтауға болады: Sb, Bi, Au, Pt, Ag, Sn, Co, Ni, Pb, Zn, Cd, Hg, Mo, Se, Te.

Рентгено-спектралды анализ зерттелген объекте элементтердің мөлшері өте аз алынады (сотые доли процента).

Ридиометриялық анализ α , β , γ сәулеленудің интенсивтілігі бойынша радиобелсенді элементтерді анықтауға мүмкіндік береді.

Радиоактивациялық анализ минералдың құрамына кіретін элементтермен элементарды бөлшектердің ядролық реакцияларында негізделген. Анықтаудың жоғары сезімділікке ие (10^{-8} % дейін).

Рентгено-құрылымдың әдіс – кітаптан жазу.

Электрондық макрокопия – электронды микроскоп арқылы минералдардың өте ұсақ бөлшектерін, қырлар мен сынған жерлердің беткейін, ішкі құрылыстың зерттеуін жүргізуге болады.

Термиялық әдіс – ысыту кезінде минералдарда болып жатқан өзгерістерді зерттеуге көмектеседі.

Масс-спектрометрия ол масс-спектрометрлер арқылы химиялық элементтердің изотоптардың салыстырмалы мөлшерін өлшеу үшін осы әдіс қолданылады.

Минералдарды анықтау әдістері: *зертханалық әдіс*, осы кезде сенімді сандық химиялық анализдер мен рентген кристаллды зерттеулер жүргізіледі; *далалық әдіс* – минералдардың макрокопиялық анықтауы болып келеді, олардың морфологиялық ерекшеліктері мен физикалық қасиеттерін (түсі, сызылу түсі, жылтырлық, қатталық және т.б.) анықтауына негізделген.

Минералдардың макрокопиялық анықтау

Макрокопиялық әдіс арқылы минералдардың сыртқы ерекшеліктерін зерттеуіне негізделген: кристаллдардың морфологиясы: механикалық, оптикалық, химиялық және басқа қасиеттері.

Минералдарды анықтаудың макрокопиялықтың ережелері.

- Әр сипаттаманы минералдың жана жарылуында анықтау;
- Әртүрлі бұрыштарда үлгіні бұрып, жарыққа қарау;
- Зерттелген үлгіні (оның сипатын) эталонды үлгілермен салыстыру;

Минералдардың анықтауының технологиялық қадамдары (далалық әдіспен)

- Минералдың үлгісін қолға алып, дұрыстап тексереміз, кейін ұлғайтқыш әйнектің көмегімен барлық анықталатын қасиеттерін белгілейміз.
- Минералдың пайда болу пішінін анықтаймыз (кристаллдардың сырт келбетін, агрегаттық күйін).
- Минералдың түсін анықтаймыз.
- Минералдың сызылу түсін анықтаймыз.
- Минералдың жылтырлығын анықтаймыз.
- Минералдың қаттылығын анықтаймыз.
- Минералдың жымдастығын тексереміз және бар болған кезде, жымдастық беткейінін сипатын зерттейміз.
- Минералдың кішкентай кесегін тұз қышқылы мен су әсеріне тексереміз.

- Қолда өлшеп, шамамен тығыздығын анықтаймыз.
- Басқа қасиеттерін тексереміз – магниттілігін; нәзіктілігін, майсуын, пластикалық қасиеттерін тексереміз.
- Бірге кездесетін минералдарды жазамыз (парагенезис).
- Минералдың топталуында, жоғары реттілікке сай, *минералдың атауын, минералдың формуласын* жазамыз.

Жұмыстың орындалуы: тапсырмаларда берілген сипаттамаларға қарап минералдарды анықтау қажет. Анықтаған кезде минералдарды диагностикалау бойынша технологиялық қадамдарды сақтау.

Минералдардың жіктемесі

Белгілі бір физикалық және химиялық қасиеттерге ие табиғи химиялық қосылыстарды *минералдар* деп атайды. Ең көп таралған минералдардың класстары (минералдардың химиялық жіктемесі):

- А) саф элементтер – табиғатта бос күйде кездесетін металлдар;
- Ә) сульфидтер (күкіртті қосылыстар) – күкіртпен қосылған химиялық қосылыстар (немесе анионы $[S^{2-}]$);
- Б) тотықтар – анионы $[O^{2-}]$, $[OH^-]$, $[H_2O]$;
- В) галоидты қосылыстар – анионы $[Cl^-]$, $[F^-]$;
- Г) карбонаттар – анионы $[CO_3^{2-}]$;
- Ғ) сульфаттар – анионы $[SO_4^{2-}]$;
- Д) фосфаттар – анионы $[PO_4^{3-}]$;
- Е) силикаттар – анионы $[SiO_4^{4-}]$;

Табиғатта минералдардың пайда болу пішіні

Табиғатта минералдардың пайда болу пішіні әртүрлі болып табылады және пайда болу жолымен байланысты. Олар келесі:

- Жеке кристаллдар немесе олардың заңдылық қосылыстары (*егіздіктер*).
- Нақты жекеленген минералды жиындары.
- Минералды түйіршіктердің жиналуы – минералды агрегаттар.






Жеке оқшауланған кристаллдар және кристаллды егіздіктер, яғни кристаллдардың заңдылық қосылыстары, өсуге жағымды жағдайларда пайда болады. Кристаллдардың пішіні әртүрлі және оның құрамын, минералдың ішкі құрылысы мен пайда болу жағдайларын көрсетеді. [1 кесте].

Морфологияның түрлері

1 кесте

Түйіршікті агрегаттар – түйіршіктердің мөлшерлері бойынша ажыратылады	Ірі түйіршікті – түйіршіктердің мөлшері 5 мм-ден астам.
	Орта түйіршікті – түйіршіктері 1 мм-ден 5 мм-ге дейін.
	Ұсақ түйіршікті – түйіршіктердің мөлшері 1 мм-ден кем.
	Түйіршіктердің таралуы бойынша келесі түрлері болады: біркелкі түйіршікті және біркелкі емес түйіршікті.
Топырақты агрегаттар	Борпылдақ, ұнтақты минералдарға сипатты.
Бақаналы агрегаттар	Минералдардың жеке түрлердің бір бағытта тығыз созылған қосылыстар. Жеке түрлері бір-біріне параллелді орналасады және табанына немесе жарықшақтардың қабырғаларына перпендикулярды болады.
Талшықты агрегаттар	Макроскопиялық минералдар ретінде анықталады, олардың мөлшері бір бағытта екінші бағытына қарағанда үлкен болады.



	
<p>Пластиналы агрегат</p>	<p>Кристалл көбінесе екі бағытта дамиды және бір бағытта жатады.</p> 
<p>Қабыршақты агрегаттар</p>	
<p>Ине тәрізді агрегаттар</p>	<p>Кристалл көбінесе бір бағытта дамиды.</p> 
<p>Радиалды-сәулелі агрегаттар</p>	

Кестетәрізді агрегаттар



Пирит



Жекеленген минералды жиындардың арасында жиі друзалар кездеседі. Друзалар ерітінділермен қабаттасып желілерде немесе қуыстардың іргесінде өседі. Друза - ол бір табанда заңсыз қырланып өскен кристалдар тобы.

Гипс раушаны



Щетка



Тасберіштер (*конкреция*) - минералдық заттық толуы іштен периферияға қарай толады, ол шар тәріздес немесе дұрыс емес пішінді денелер және түзілімдер. Ішкі құрылымы кейде радиалды-сәулелі, сферолитті.



Тасшемендер (*секреция*) - минералды затты толуы перифериядан ортасына қарай толады; қуыстарды толтырған, келбеттері түзу емес, домалақ денелер, коллоидты немесе кристалдық заттармен құрастырылған, олар концентрлік-белдемді орналасқан. Тасшемендер таужынастардың қуыстарында және үнгіршелерінде мономинералды заттармен толтырылады. Кейде, кейбір белдемдер жиі, бір-бірінен түсімен және құрамымен ажыратылып тұрады. Ұсақ тасшемендерді (10 мм дейін) *миндалиналар* дейді, олар кейбір эффузивтерге тән. Ірі тасшемендер (10 мм-ден астам) *жеода* деп аталады, олардың, орталарында қуыстар, қабырғаларында кристаллдар және сауыстанған заттар болады.

Жеода



Дендриттер – ағаш тәріздес құрылысқа ие және олар өсімдіктердің (көбінесе папоротниктердің) таңбаларына ұқсайды. Олар минералдардың (жыныстардың) өте жіңішке жарықшақтары бойынша ерітінділердің (көбінесе марганецтің) сіңуі арқылы пайда болды.

Саф мыс



Саф алтын





Оолиттер - («ооn» – «жұмыртқа», «литос» – «тас» деген грек сөздерінен шыққан) – сфералық түзілімдер, өлшемі 0,05 ден 2-3 мм дейін, домалақ немесе қабықша құрылымды. Оолиттер сулы ортада пайда болады, белгілі бір ыңғайлы жағдайда, еріген заттар құмдардың түйірлерінің, тозаңының және ауаның үлбіреуінің төңірегінде, топтаса бастайды. Егер түзілімдер 2,0 мм-ден жоғары болса, оларды *пизоолиттер* - («pisos» – «бұршақ», «литос» – «тас» деген грек сөздерінен шыққан) деп атайды. Оолиттер арагонитке, бокситтерге, фосфориттерге және т.б. тән.



Бұршікті агрегаттар - агрегаттар карст үңгірлерде, кеннің тотығу белдемдерінде жиі кездеседі, малахит, гематиттерге (қызыл шыныша бас), халцедонға және басқа минералдарға тән. Осы агрегаттар ішінде белдемді боп келетіндері бар, оны заттардың ерітінділерінен, соның ішінде коллоидтардан қабат-қабат түзілгенімен түсіндіреді.



Сауыстанған агрегаттар - коллоидтар-гельдер арқылы пайда болады. Ашық жазықтарда, аққан судан бөлінген сауыстанған минералдық түзілімдер тамшылы, сорғыламалы, пленкалы ерітінділердің түзілімдерінен құралады. Морфологиялық түрлері көп болады.

Сталактит - (гр. «stalaktos» – «тамшылы аққаны») – сауыстанған минералдық түзілімдер (жиі әкті), төбеден және үңгірдің жоғарғы бөлігінен салбыраған сүмелек мұздар тәріздес, құбырлар, тарақтар, шашақтар тәріздес болады. Су булануында кальций көмір қышқылының шөгу нәтижесінде пайда болады.

Сталагмит - (гр. «stalagma» – «тамшы») – сауыстанған минералдық түзілімдер (жиі әкті), үңгірдің түбінде жоғарыдан түсетін минералданған сулардың булануынан пайда болады және ол төменнен жоғары өседі. Олар конус, бағана тәрізді болады. Конус түрлес әкті-тамшылы түзілімдері, үңгірдің табанынан сталактиттерге қарсы өседі.



Пирит аммонит бойынша



Псевдоморфозалар («псевдо» – «бөтен», «морфос» – «пішін») өзіне тән емес пішінді иеленіп алған минералдар. Мысалы, лимониттің пиритті (FeS_2) толық жабуы, тасталған ағаш діңі-кремний. Жер астында көміліп қалған ағаш діңнің қуыстарын толтырған. Егер жаңадан пайда болған минерал өзі ығыстырып отырған минералмен химиялық құрамы бірдей болса, онда псевдоморфозалар *параморфозалар* деп аталады.

Жарықшақтардың беткейлерінде жіңішке минералды қабықтар дамиды, олардың құрылысы әртүрлі болып келеді. Жыныстардың қабатын құрайтын ең көп таралған минералды агрегаттардың құрылысы келесі: кристаллды, аморфты, жасырын кристаллды. Ерітінділерден немесе балқытпалардан көпшілік минералды бөлшектер белгілі бір уақытта түскен кезінде пайда болады. Кристаллды агрегаттарда минералдар кристаллды күйінде болады, бірақ олардың түйіршіктері дұрыс емесе пішінге ие. Түйіршіктердің мөлшері кристаллданудың жағдайларынан тәуелді және іріден топырақты түрлерге дейін өзгереді. Желілерде кристаллды агрегаттар жиі массивті құрылысқа тән, осы кезде жеке түйіршіктер көзге көрінбейді. Аморфты агрегаттар біртекті тығыз немесе топырақты массаларды құрайды, оларға мәтілі, балауызды немесе әлсіз майлы жылтырлыққа ие. Жасырын кристаллды агрегаттар сырт келбеті бойынша аморфты агрегаттарға ұқсайды және олардан тек микроскопиялық түрде ажыратылады. Олар өзімен коллоидты жүйені құрайды, жіңішке дисперсті кристаллды бөлшектер тұрады да, олардың орталарын толтырырады.

Минералдардың физикалық қасиеттері

Минералдардың химиялық құрамы мен ішкі құрылысының тұрақтылығы олардың қасиеттердің тұрақтылығын негіздейді. Осының нәтижесінде минералдарды анықтау мен минералогиялық зерттеулердің әртүрлі әдістері негізделген. Олардың көбі арнайы құрамдардың қолдануын қарастырады. Бірақ, минералдар және тау жыныстармен жұмыс істейтін әр зерттеуші далалық анықтау әдісін білу керек, олар сыртқы (макроскопиялық) қасиеттерін зерттеуіне негізделген.

Киноварь



Малахит



Азурит



Түсі – кейбір минералдарда тұрақты болып келеді; мысалы, пириттің түсі сабанды-сары, малахитта – асыл, азуритте – көк, алтында алтынды-сары және т.б. Кейбір минералдардың атауында түстің сипаты болады: родонит - алқызыл, хлорит – жасыл; киноварь – ашық-қызыл, ол сынаптың сульфиді және араб тілінен «айдаһар қаны» деген мағынада.

Көпшілік минералдарға осы белгілер тұрақты емес. Далалық шпаттар ақ, сары, қызыл, жасыл, қою-сұр түстерге ие. Кальцит келесі түрлерде кездеседі – ақ, сары, жасыл, көгілдір, күлгін, қоңырлы-қызыл, қара. Минералдардың бояуы бірінші оның химиялық құрамымен анықталады. Минералдардың құрамына кіретін әр химиялық элемент және әр химиялық қосынды оларға белгілі-бір сипатты бояу береді. Минералдардың құрамында мыстың көмірқышқыл қосылыстары болған кезде, олардың түсі жасыл немесе көк түсті болады (малахит, азурит). Берилл минералы таза күйінде түссіз және мөлдір, ал хром оксиды қоспасы құрамында болса жасыл түске ие болады (зүмрет); минералдардың құрамында темірдің оксидтері болса, олар қызыл, қоңырлы-қызыл, сары түстерге ие (қоңырлы-қызыл теміртас).

Минералдар түсі бойынша алты топқа бөлінеді:

1. Түсі ақ, сұрлы немесе минерал түссіз.
2. Түсі сары, қоңырлы-қызыл, қоңыр, алқызыл, қызыл.
3. Түсі жасыл.
4. Түсі көгілдір, көк, күлгін.
5. Түсі қою-сұр, қара;
6. Минералдың бояуы ала, көптүсті, зоналды.

Құлпырма. Кейбір минералдар, көбінесе мыс, өзінің беткейінде жіңішке түрлі түсті қабыршаққа ие: алқызылды, қызғылт, сарғыш, көгілдір және т.б., олар химиялық үлгілер үрдістерімен негізделген. Осы қабыршақтың түсі минералдың түсінен өзгеше. Осындай құбылыс құлпырма деп аталады, мысалы халькопиритте.



	<p>Мөлдір емес, әлсіз мөлдір және түсті минералдарға маңызды диагностикалық белгісі минералдың ұнтақталған күйіндегі түсі немесе <i>сызылу түсі</i> болып келеді. Ол минералдың түсімен сәйкес болуы мүмкін (мысалы магнетит), бірақ басқа түсте де болуы мүмкін (мысалы гематит). Минералдың ұнтақталған күйдегі түсін анықтау үшін, оны фарфор пластинканың (бисквит) кедер-бұдыр беткейіне егеу керек, бисквиттің үстінде қалған сызық, минералдың ұнтақталған түсіне сәйкес болады. Бисквит болмаған кезде минералды пышақпен үгітіп, алынған ұнтақты ақ қағазға жағып сызылу түсін тексеруге болады.</p>
	<p><i>Мөлдірлік.</i> Минералдар жарықты өткізу қабілетімен сипатталады, ол оның кристаллдық құрылысымен және минералдық жиналулардың біркелкілігі мен сипатынан байланысты. Осы белгі бойынша минералдар: <i>түссіз</i>, қарапайым шыныдай жарықты өткізеді; <i>жартылай түссіз</i>, мәтілі шыныдай жарықты өткізеді; <i>түссіз емес</i>, күн сәулелерін өткізбейді.</p>
	<p><i>Жылтырлық.</i> Минералдың сыну бұрышының көрсеткішінен және беткейдің шағылыстыру сипатынан тікелей байланысты. Жылтырлық металлды және бейметаллды (кейде метал тәрізді) болады. <i>Металлды</i> жылтырлық – фарфор сынығында кара сызылу түс берген минералдарға ие, олардың негізгі түсіне қатысты емес.</p> <p><i>Бейметаллды</i> жылтырлық - фарфор сынығында ақ немесе түрлі түсті сызылу түсті берген минералдарға ие. Бірақ кейбір түсті сызылу түс беретін саф элементтерге (алтын, күіс, мыс) және кейбір сульфидтерге (халькопирит) қатысты емес, олардың жылтырлығы металлды. Бейметаллды жылтырлық келесі түрлерге бөлінеді:</p> <p><i>Алмазды</i> – қатты жарқырайтын жылтырлық.</p> <p><i>Шынылы.</i></p> <p><i>Майлы</i> – минералдың беткейі маймен жағылғандай.</p> <p><i>Седепті</i> – седептің жылтырлығына сәйкес. Жақсы жетілген жылтырлыққа тән, олардың жымдастық жазықтықтарында байқалады.</p> <p><i>Жібекті.</i> Талшықты, инетәрізді құрылысқа ие минералдарға тән.</p> <p><i>Балауызды</i> – майлы жылтырлыққа ұқсасты, бірақ әлсіз байқалады.</p> <p>Жылтырлық болмаған кезде <i>мәтілі</i> жылтырлық ретінде қарастырылады. Жылтырлықты анықтау үшін минералдың жаңа сынған жерінен қарау керек. Жылтырлықты анықтаған кезде минералдың түсі есепке алынбайды.</p>

Минералдардың механикалық қасиеті

Сынғыштық минералдың сынған беткейімен анықталады. Ол бақалшының ойлы-қырлы беткейін еске алады – *бақалшы сынғыштық*, білгісіз тегіс емес сипатта болса – *тегіс емес сынғыштық* деп аталады. Ұсақ түйіршікті агрегаттарда жеке минералды түйіршіктердің сынғыштығы анықталмайды; осы кезде агрегаттың сынғыштығын сипаттайды – *түйіршікті, тікенді*, немесе *инетәрізді, топырақты*.

Жымдастық – кристаллды минералдардың тегіс жазықтықтары – жамдастық жазықтықтары бойынша бөліну қасиеті, минералдың кристалдық құрылысында бөлшектердің бір-біріне тұтасуы төмен бағыттарына сәйкес болады. Жазықтықтар бойынша нақыстар қалай оңай қалыптасуына байланысты, жымдастық келесі түрлеге ажыратылады: *аса жетілген* – минерал жеңіл жіңішке пластиналарға бөлінеді; *жетілген* – белгілі бір күштің әсерінен жымдастық жазықтықтары бойынша минерал сынады; *орташа* – соққан кезде минерал жазықтықтар және тегіз емес сынғыштығы бойынша сынады; *жетілмеген жымдастық* – тегіз емес сынғыштықтың айналасында кейде ғана жазықтықтар бойынша нақыстар пайда болады; *аса жетілмеген* – әрқашанда тегіз емес немесе бақалшы сынғыштық пайда болады. Жымдастық бір, екі, үш, сирек төрт және алты бағыттарда болады. Минералдың тегіз жазық беткейінен жымдастықты ажырата білу керек. Жымдастықты минералдың жаңадан сынған жерінде анықтау керек. Тығыз, топырақты, ұнтақты және талшықты минералдарды жымдастық анықталмайды. Құрылысы түйіршікті минералдарда жымдастық әрбір түйіршікте жеке анықталады.

Қаттылық – сыртқы механикалық күштерге қарсыласу дәрежесі – минералдың ең маңызды қасиеті. Көбінесе минералогияда салыстырмалы қаттылық зерттелген минералдың беткейінен эталонды минералмен сызу арқылы анықталады. Геологияда қабылданған Моос қаттылық шкаласы он эталонды минералдарды енгізеді, олар минералдардың қаттылығы жоғарлану реттілігімен орналасқан: *талык* – қаттылығы 1, *гипс* – 2, *кальцит* – 3, *флюорит* – 4, *апатит* – 5, *ортоклаз* – 6, *кварц* – 7, *топаз* – 8, *корунд* – 9, *алмаз* – 10. Далалық жағдайда минералдың қаттылықтарын анықтау үшін, минерал-эталон қаттылықтарына жақын, кейбір таралған заттармен қолдануға болады. Осылай, 1 қаттылығымен жұмсақ қарындаштың графиті сәйкес келеді; шамамен 2-2,5 – тырнақ; 4 – темір шеге; 5,5-6 – болатты пышақ, ине. Минералдың қаттылығын анықтау үшін таза бөліктерді таңдау керек (құрамында басқа минералдар болуы мүмкін). Зерттеуден кейін үлгінің беткейінен ұнтақты өшіру керек және үлгіде сызық қалмағанын тексеру керек, кейде сызықтың орынында тексерген заттың ұнтақтары қалуы мүмкін.

Тығыздық. Әр минералға шамамен тұрақты тығыздық сипатты. Осы бойынша минералдар *жеңіл* және *ауыр* түрлерге бөлінеді. Минералдарды макроскопиялық зерттеу кезінде алақанда қарапайым өлшеуімен тығыздықты анықтау маңызды болып келеді және минералды *жеңіл* тобына – тығыздығы 2,5 г/см³ дейін, *орташа* – 4-ке дейін, *ауыр* – 4-6, *аса ауыр* минералдар – тығыздығы 6 г/см³ жоғары болады. Минералдардың құрамына ауыр металдар болса, олардың тығыздығы жоғары болып келеді және маңызды белгі болып саналады.

Созылымдығы және нәзіктілігі. Созылымды минералдар балғамен соққан кезде жалпаяды және шеттерінен домлақтанады, ал нәзік минералдар балғамен соққан кезде ұсақ кесектерге бөлініп қалады. Нәзік минералдарды пышақпен сызған кезде ұнтақ пайда болады, ал созылымды минералдарды сызған кезде ұнтақ пайда болмайды және беткейінде жылтыр із қалады. Бейметаллды жылтырлыққа ие минералдардың арасында нәзік, шашырап кететін, және тұтқырлы түрлерін көруге болады.

Магниттілік. Минералдардың магниттілігін анықтау үшін магнитті тілшені қолданады, ал далалық жағдайда – тау құбылнаманың тілшесі немесе магнит арқылы тексеріледі. Магниттілік қасиетке ие минералдарға магнитті тілшені жақындатқан кезінде, ол оны өзіне тартады немесе кері итереді.

Тақырып: Сафкесекті элементтер.

Жоспар:

Сафкесекті металдар – алтын, күміс, мыс, платина

Сафкесекті бейметаллдар – күкірт, алмаз, графит.

Мақсаты: диагностикалық белгілер және физикалық қасиеттер арқылы минералдарды анықтау.

Құрал жабдықтар: микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, физикалық қасиеттерді анықтауға арнылған құралдар, минералдардың үлгілері.

Сафкесекті металдар

Минералдың атауы	Алтын
Формула	Au
Сингония	Кубты
Кристал-ң пішіні	Октаэдр, сирек додекаэдр, өте сирек куб

Агрегаттары	Дентрит, жіп тәріздес агрегаттар, сауыстанған пішіндер, түйіршік түрінде сеппелер
Түсі	Алтынды-сары; құрамында күмістің мөлшеріне қарай түсі ашықтау болады, құрамында мыс болса түсі қызғылт реңкке ие болады.
Сызылу түсі	Сары, (Металлды сары)
Қаттылығы	2,2-3 (қатқалатын-ковкий, созылмалы-тягучий)
Тығыздығы	Таза алтында -19,3; қоспалар болса 15,6-18,3
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	Жоқ
Өзге қасиеттері	Жылу мен электр тоғын жақсы өткізеді. Қышқылдарға төзімді, тек патша арағында ериді. Патша арағының формуласы $\text{HNO}_3 + 3\text{HCl}$, 1:3 қатынаста алынады.
Диагностика	Түсі, төмен қаттылығы, жоғары қатқалығы, жоғары тығыздығы, ауада тотқпайды.
Алауан түрліктері	Электрум (құрамында 20%-дан астам күміс болады). Мысты алтын (купроаурит)-құрамында мыс 20%. Порпецид – құрамында платина 5-10% және күміс 4%. Висмутистты алтын (висмутистое золото) – қатты ерітіндіде висмут 4%-ға дейін болады.
Пайда болу жолы	Гидротермалды- кварц желілерінде п.б. Тотығу зоналарда. Шашыранды (аллювиалді, делювиалді, терассалардағы, арнадағы).
Серіктері	Пирит, арсенопирит, халькопирит, висмутин, солғын кендер (блеклые руды). Сульфидті кенорныдардың тотығу зоналарында келесі минералдармен ассоциацияда болады - лимонит, азурит
Таралу аймақтары	Қазақстанда (Суздаль, Жерек, Мұқұр, Степняк), Оралда (Кочкарды, Жетігара), Шығыс Сібірде, Алтайда, Аляскада, Оңтүстік Африкада (Витватерсранд-қайталанбас кенорыны)
Қолдануы	Валютада, әшекей бұйымдарды жасауда, физикалық және химиялық құралдарды жасауда, медицинада.

Минералдың атауы	Күміс
Формула	Ag
Сингония	Кубты
Кристалдардың пішіні	Кристал түрінде сирек кездеседе, көбінесе қосақтар түрінде
Агрегаттары	Дентрит, жіңішке пластиналар, шәш және сым тәріздес
Түсі	Күмісті-ақ, беткейі қара түске боялуы мүмкін
Сызылу түсі	Күмісті-ақ, Металлды жылтыр деуге болады
Қаттылығы	2,5 (қатқалатын-ковкий, созылмалы-тягучий)
Тығыздығы	10,5
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	Жоқ
Өзге қасиеттері	Электр тоғын жақсы өткізеді. HNO_3 қышқылында тез ериді, HCl мен әрекеттесен кезде ірімшік тәріздес тұнба береді AgCl , H_2S қышқылынан қараяды.
Диагностика	Түсі, төмен қаттылығы, қатқалығы, тығыздығы.
Алауан түрліктері	Кюстелит (Ag_3Au , алтын 10% немесе жоғарылау), мысты күміс, сүрмелі күміс.
Пайда болу жолы	Гидротермалды- желілі кенорындарда. Тотығу зоналарда.
Серіктері	Аргентинмен, кейде кальцитпен ассоциацияда.
Таралу аймақтары	Қазақстан, Алтай, Шығыс Сібір қорғасын-мырышты кенорындарында,

	Норвегияда (Конгсберг), Канадада (Кобальт)
Қолдануы	Валютада, әшекей бұйымдарды жасауда, химиялық ыдыстар жасау, ас ыдыстарын жасау, әр түрлі қорытпалар жасау үшін қолданылады.

Минералдың атауы	Мыс
Формула	Cu
Сингония	Кубты
Кристалдардың пішіні	Кристал түрінде сирек кездеседе, көбінесе қосақтар түрінде
Агрегаттары	Дентрит, жіңішке пластиналар, тығыз массалар
Түсі	Мысты-қызыл
Сызылу түсі	Жылтыр, Металлды жылтыр
Қаттылығы	2,5-3 (қатқалатын-ковкий, сынғыштығы - ілгекті)
Тығыздығы	8,9
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	Жоқ
Өзге қасиеттері	Электр тоғын жақсы өткізеді. HNO ₃ қышқылында тез ериді, HCl қышқылында нашар ериді.
Диагностика	Түсі, төмен қаттылығы, қатқалығы, тығыздығы. Беткейінде тотығу нәтижесінде жасыл түсті бояу анықталада.
Пайда болу жолы	1. Гидротермалды, 2. Тотығу зоналарда, 3. Шөгінді жыныстарда
Серіктері	Куприт, малахит, халькозин, лимонит, кальцит. Құмтастарда цемент немесе дұрыс емес конкреция түрде.
Таралу аймақтары	Қазақстан, Оралда, Шығыс Сібір
Қолдануы	Электротехникада, машинажасауда, құрал мен ыдыс жасауда, қорытпаларды жасауда

Минералдың атауы	Платина
Формула	Pt
Сингония	Кубты
Кристалдардың пішіні	Кристал түрінде сирек кездеседе
Агрегаттары	Дұрыс емес түйіршіктер, сирек саф түрде
Түсі	Болатты-сұр
Сызылу түсі	Болатты-сұр
Қаттылығы	4-4,5 (қатқалды-ковкий, сынғыштығы - ілгекті)
Тығыздығы	15-19
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	Жоқ
Өзге қасиеттері	Электр тоғын өткізеді. Тек патша арағында ериді. Магниттілік қасиетке ие (құрамына байланысты, көбінесе әлсіз).
Диагностика	Түсі, магниттілігі, қаттылығы
Алауан түрліктері	Платинаның құрамы таза емес, әр түрлі қоспалармен аралас келеді. Әсіресе онда темір көп кездеседі. Темірі көп платинаны поликсен дейді. Сонымен қатар платина тобына кіретін элементтер: осмий (Os), палладий (Pd), иридий (Ir), родий (Rh) т. б. металдар. Интерметаллидтер жиі кездеседі: изоферроплатина (Pt, Fe) ₃ және тетраферроплатина (Pt, Fe)Fe. Сондай-ақ басқа да алуан түрліктер белгілі: палладий қоспасы бар палладистая платина , 21% жетеді; құрамында 7 % дейінгі иридий бар иридистая платина ; родий құрамы 0,1-0,5% - дан 4-5% - ға дейін родий бар родистая платина .
Пайда болу жолы	Магмалық – асанегізгі жыныстармен байланыста

	Шышыранды – асанегізгі жыныстар үгілу нәтижесінде пайда болады
Серіктері	Оливин, пироксен, хромит, магнетит
Таралу аймақтары	Оралда (9,6 кг саф платина табылған), Колумбияда, Канадада.
Қолдануы	Химиялық ыдыс жасаудаәшекей бұйымдарды жасауда, медицинада

Сафкесекті бейметалдар

Минералдың атауы	Күкірт
Формула	S
Сингония	Ромбалық
Кристалдардың пішіні	Пирамидалы, қиық пирамида
Агрегаттары	Тұтас, топырақты массалар, кейде бүршік тәріздес немесе жұқа қабаттар (налет)
Түсі	Сарының әртүрлі реңктері; сабанды-сары (соломенно-желтый), балды-сары, сарғыш-сұр, қызыл-қоңыр (бурый), қара – көміртектің қоспалары боғандықтан).
Сызылу түсі	Ашық сары
Қаттылығы	1-2, нәзік
Тығыздығы	2,05-2,08
Жылтырлығы	Жақтарында алмасты, сынған жерлерінде майлы
Жымдастығы	Жоқ
Өзге қасиеттері	Жылу мен электртоғын нашар өткізеді. Үйкелеу кезінде бұрыс электрімен зарядталады. Қолдың жылулығынан жарықшақталады. HCl мен H ₂ SO ₄ қышқылдарында ерімейді.
Диагностика	Түсі, нәзіктілігі, тез тұтанады. Жанғанда жалындың түсі көгілдір, сипатты иісі болады (SO ₂)
Алауан түрліктері	Волканит
Пайда болу жолы	1. Жанартау атқылау кезінде – кратер қабырғаларында, жыныстардың жарықшақтарында атқылау кезінде п.б. 2. Сульфидты минералдардың ыдырау кезінде 3. Гипсты қабаттардың ыдырау кезінде 4. Шөгінді (биохимиялық) – күкіртті бактериялардың тіршілігі арқылы
Серіктері	Гипспен, сұйық битумдармен (асфальт, мұнай).
Таралу аймақтары	Орта Азияда (Қаракұм шөлінде, Шор-су, Гаурдак), Луизиана және Техас штаттарында.
Қолдануы	Күкірт қышқылын жасауда, ауыл шаруашылығында (зиянды жәндіктерге қарсы), резина жасауда, сірiңке жасауда, отшашу жасауда, краска жасауда.

Минералдың атауы	Алмас
Формула	C
Сингония	Кубты
Кристалдардың пішіні	Октаэдрлі, кейде додэкеэдрлі, сирек кубты
Агрегаттары	Қос қосақтар, кристал
Түсі	Түссіз; көгілдір, көк, сары, қызыл-қоңыр, қара
Сызылу түсі	-
Қаттылығы	10, нәзік
Тығыздығы	3,5
Жылтырлығы	Қатты алмасты
Жымдастығы	Жоқ
Өзге қасиеттері	Қышқылдарға төзімді
Диагностика	Жоғары қаттылығы, жылтырлығы, люминесценция арқылы (люминесценцияның түсі көгілдірлі-көк, кейде жасыл).
Алауан түрліктері	Борт –дұрыс емес пішінді қосылыстар- техникалық алмас; Балласт -

	шартәріздес сәулелі агрегаттар- техникалық алмас; Карбонадо – жіңішке түйіршікті кеуекті агрегаттар.
Пайда болу жолы	1. Магмалық 2. Шашыранды –алмасды жынысатрдың бұзылу нәтижесінде п.б.
Серіктері	Графит, оливин, магнетит, гематит (ассоциацияда болады).
Таралу аймақтары	Оңтүстік Африкада, Бразилияда
Қолдануы	Әшекей бұйымдарды жасауда, бұрғылауда, абразивті материал ретінде

Минералдың атауы	Графит
Формула	C
Сингония	Гексогоналді
Кристалдардың пішіні	Кристал түрі сирек кездеседі, көбінесе алты бұрышты пластиналар түрде
Агрегаттары	Жіңішке қабыршақты (токочешуйчатые), талшықты массалар
Түсі	Темірлі-қара
Сызылу түсі	Қара, жылтыр
Қаттылығы	1, ұстағанда майлы, қағазды, саусақтарды былғайды
Тығыздығы	2,2
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	Жетілген
Өзге қасиеттері	Жоғары электрлі қасиеттерге ие, балқымайды, қышқылдарда ерімейді
Диагностика	Түсі, қаттылығы
Алауан түрліктері	Графитит-жасырын кристалды түрі, шунгит- аморфты түрі
Пайда болу жолы	Магмалық Метаморфты мәрмәрдәрдә, гнейстерде, кристалдық жіктастарда; тас көмірдің метаморфизмге ұшыраған кезінде
Таралу аймақтары	Шығыс Саянда (Ботоголддік), Украинада (Завальев пен Жданов), Австралияда, Мадагаскарда
Қолдануы	Металургия өнеркәсіпте, майлау материал ретінде, краска, қарындаш жасауда, электродтарды жасауда.

Тақырып: Күкіртті қосылыстар (сульфидтер).

Жоспар:

1. Қарапайым сульфидтер – бір катиондың (метал) күкіртпен қосылу нәтижесінде пайда болады – халькозин, галенит, киноварь, сфалерит, пирротин, пентландит, антимонит, висмутин, аурипигмент, ковеллин, молибденит, реальгар.
2. Қос сульфидтер – екі (үш) әртүрлі катиондардың күкіртпен қосылу нәтижесінде пайда болады- халькопирит, борнит, станнин.
3. Дисульфидтер – катиондардың анионды топпен $[S_2]^{2-}$ қосылу нәтижесінде пайда болады – пирит, марказит, кобальтин, арсенопирит.

Мақсаты: диагностикалық белгілер және физикалық қасиеттер арқылы минералдарды анықтауын үйрену.

Құрал жабдықтар: микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, физикалық қасиеттерді анықтауға арналған құралдар, минералдардың үлгілері.

Қарапайым сульфидтер

Минералдың атауы	Халькозин (Мысты жылтыр)
Формула	Cu_2S
Химиялық құрамы	Cu 79,8%, S 20,2%. Құрамында келесі қоспалар болу мүмкін: күміс, кейде темір, кобальт, никель, күшәла (мышьяк), алтын.
Сингония	Ромбалық
Кристалдардың	Жуан кестелер, қысқа бағандар, үштік пен екілік қосақтар түрінде

пішіні	
Агрегаттары	Жіңішке түйіршікті массалар, сеппелер
Түсі	Қорғасынды-сұр
Сызылу түсі	Қою сұр, қорғасынды-сұр
Қаттылығы	2,5-3
Тығыздығы	5,7
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	Жетілмеген
Өзге қасиеттері	Электр тоғын өткізеді. HNO_3 ерітіндісі жасыл түске боялады.
Диагностика	Түсі, қаттылығы, қатқалығы
Пайда болу жолы	Мысты кенорындардың қайталмалы сульфидты байытылған зоналарында п.б. Гидротермалды
	Тотығу кезінде малахит, куприт, саф мысқа айналады.
Таралу аймақтары	Қазақстанда (Жезказған, Коунрад), Өзбекстан (Алмалық), Оралда
Қолдануы	Мысқа манызды кен.

Минералдың атауы	Галенит (Қорғасынды жылтыр)
Формула	PbS
Химиялық құрамы	Pb 86,6%, S 13,4%. Құрамында келесі қоспалар болу мүмкін: күміс, мыс, мырыш, кейде селен.
Сингония	Кубты
Кристалдардың пішіні	Кубты, кейде октаэдрлі, қосақтар
Агрегаттары	Түйіршікті, тығыз агрегаттар, друза
Түсі	Қорғасынды-сұр
Сызылу түсі	Қорғасынды-қара
Қаттылығы	2,5
Тығыздығы	7,5
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	Аса жетілген
Өзге қасиеттері	Электр тоғын нашар өткізеді. Тез балқиды, HNO_3 ерітіндісінде ериді.
Диагностика	Түсі, қаттылығы, жымдастығы, жалтырлығы
Алауан түрліктері	Селенді галенит
Пайда болу жолы	Гидротермалды (орта, төмен температуралы) – желілерде, скарндарда. Шөгінді – жыныстарда сеппелерді құрайды
Серіктері / ассоциацияда болу	Сфалерит, күміс пен мыс сульфидтері (полиметалдық кендер).
	Тотығу зоналарда галенит тұрақты емес және церуссит, англезит, пироморфит минералдар пайда болуымен тез бұзылады
Таралу аймақтары	Қазақстанда (карбонатты қабаттарда Жайрем, Мирғалимсай, Ачисай), Алтайда (жанартаулы-шөгінді Лениногорск, Зырянговск) т.б.
Қолдануы	Қорғасынға манызды кен. Балқытқан кезде қорғасынбен бірге күміс кейде висмут алынады.

Минералдың атауы	Киноварь (кинабарис - айдаһар қаны деген мағынада)
Формула	HgS
Химиялық құрамы	Hg 86,2%, S 13,8%.
Сингония	тригоналді
Кристалдардың пішіні	Жуан кесте тәріздес және ромбоэдрлі кристалдар, қосақтар түрде
Агрегаттары	Түйіршікті сеппелер, тұтас массалар, жұқа қабатшылықтар
Түсі	Жарық қою-қызыл
Сызылу түсі	Қызыл
Қаттылығы	2-2,5

Тығыздығы	8
Жылтырлығы	Алмасты
Жымдастығы	Жетілген
Өзге қасиеттері	Электр тоғын өткізбейді. Шыны түтікте ысытқан кезде сынап бөлінеді.
Диагностика	Түсі, қаттылығы, жымдастығы, жалтырлығы
Алауан түрліктері	Метациннабарит – кубты модификациясы, электр тоғын өткізеді.
Пайда болу жолы	Гидротермалды (төмен температуралы) – желілерде, скарндарда. Сынапты кенорындарда тотығу зоналарда қайталмалы минералдар ретінде метациннабарит, саф сынап кездеседі
Серіктері / ассоциацияда болу	Антимонт, флюорит, барит, халцедон
Таралу аймақтары	Қырғыстанда (Хайдархан), Донбаста (Никитовка), Алтайда, Испанияда
Қолдануы	Сынапқа манызды кен.

Минералдың атауы	Сфалерит (мырыш алдамшы)
Формула	ZnS
Химиялық құрамы	Zn 67,1%, S 32,9%. Құрамында қоспа түрінде темір 20% дейін болады.
Сингония	кубты
Кристалдардың пішіні	Кристал, тетраэдр, сирек қосақтар
Агрегаттары	Тұтас, түйіршікті массалар, сирек жасырын кристалды құрылысқа ие
Түсі	Қоңыр, қызыл-қоңырдан қараға дейін, сарыдан түссізге дейін.
Сызылу түсі	Қою-қоңыр, ашық түссіз бен сары түрліктерде
Қаттылығы	3,5-4, нәзік
Тығыздығы	3,9-4,1
Жылтырлығы	Алмасты
Жымдастығы	Жетілген
Өзге қасиеттері	Электр тоғын өткізбейді. Концентратталған HNO ₃ күкірт шығаруымен ериді.
Диагностика	Түсі, қаттылығы
Алауан түрліктері	Клейофан- ашықтүсті, түссіз түрлігі; марматит – қара темірлі түрлігі; прибрамит – кадмийге бай түрлігі.
Пайда болу жолы	Гидротермалды – галенит, халькопирит, пиритпен кездеседі Экзогенді – шөгінді жыныстарда кездеседі
Серіктері / ассоциацияда болу	Антимонт, флюорит, барит, халцедон
Таралу аймақтары	Алтайда, Орта Азияда, Байкалдық
Қолдануы	Мырышқа манызды кен.

Минералдың атауы	Пирротин (магнитті колчедан)
Формула	Fe _{1-x} S, FeS деп көрсетеді, (Fe ₆ S ₇ ден Fe ₁₁ S ₁₂ дейін)
Химиялық құрамы	S 36,4%. (39-40 дейін жетеді). Құрамында қоспа түрінде мыс, никель, кобальт болады.
Сингония	Гексогоналді
Кристалдардың пішіні	Кристалдар сирек кездеседі, кесте тәріздес, баған немесе пирамидалды түрде
Агрегаттары	Тұтас массалар, сеппелер
Түсі	Қолалы-сары (бронзово-желтый)
Сызылу түсі	Сұр-қара
Қаттылығы	4, нәзік
Тығыздығы	4,5
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	Жетілмеген
Өзге қасиеттері	Маниттілік қасиетке ие (кейде болмайды), электр тоғын жақсы өткізгіш.

Диагностика	Түсі, магниттілігі
Пайда болу жолы	Магмалық Контактілі-метасоматикалық Гидротермалді Шөгінді жынытсардың арасында кездеседі
Таралу аймақтары	Оралда, Грузияда
Қолдануы	Күкірт қышқылын жасауда.

Минералдың атауы	Пентландит (темірлі-никелді колчедан)
Формула	(Fe,Ni) ₉ S ₈
Химиялық құрамы	Тұрақты емес, Fe мен Ni қатынасы көбінесе 1:1, құрамында кобальт болады.
Сингония	Кубты
Кристалдардың пішіні	Кристалдар сирек кездеседі
Агрегаттары	Тұтас түйіршік массалар, кейде ірітүйіршікті агрегаттар 4-5 см.
Түсі	Ашық қолалы, пирротиндің түсінен ашықтау
Сызылу түсі	Жасылды-қара
Қаттылығы	3-4, нәзік
Тығыздығы	4,9
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	Октаэдр бойынша жетілген
Өзге қасиеттері	Манитті емес, Электр тоғын жақсы өткізгіш.
Диагностика	Пирротинге ұқсас, бірақ ашық, магниттілігі жоқ
Пайда болу жолы	Магмалық – асанегізгі жыныстармен байланысты
Серіктері / ассоциацияда болу	Пирротин, халькопирит
Таралу аймақтары	ТМД (Норильск, Талнахан кенорындары)
Қолдануы	Никелге манызды кен.

Минералдың атауы	Антимонит (сурмалық жылтыр, стибнит)
Формула	Sb ₂ S ₃
Химиялық құрамы	Sb 71,4%
Сингония	Ромбалық
Кристалдардың пішіні	Созылынқы-призмалық, бағанды, ұзындығы бойынша сызықтар болады.
Агрегаттары	Друзаларды құрайды, тығыз массалар
Түсі	Қорғасынды-сұр
Сызылу түсі	Қорғасынды-сұр
Қаттылығы	2
Тығыздығы	4,6
Жылтырлығы	Металды, кейде көк түсті бояулар көрінеді
Жымдастығы	жетілген
Өзге қасиеттері	Шырағдан (свеча) тез балқиды. Созылуы бойынша сіріңкені жағуға болады.
Диагностика	Кристалдардың пішіні бойынша
Пайда болу жолы	Гидротемалды
Парагенезис	Киноварь, пирит, флюорит, кальцит, кварц, барит, халцедон.
Таралу аймақтары	Қырғызстанда (Кадамжай), Қытайда, Ресейде (роздолинское)
Қолдануы	Сүрмеге манызды кен.

Минералдың атауы	Висмутин (висмутты жылтыр)
------------------	-------------------------------

Формула	Bi_2S_3
Химиялық құрамы	Bi 81,2%
Сингония	Ромбалық
Кристалдардың пішіні	Призмалық, бағанды, ұзартылған инетәріздес сипатты вертикалды сызықтарымен.
Агрегаттары	тығыз массалар
Түсі	Қорғасынды-сұрдан калайы-аққа дейін
Сызылу түсі	Қорғасынды-сұр
Қаттылығы	2
Тығыздығы	6,6
Жылтырлығы	Металды
Жымдастығы	жетілген
Диагностика	Жылтырлығы бойынша
Пайда болу жолы	Гидротемалды (жоғары температуралы)
Парагенезис	Пирит, армсенопирит, халькопирит, кассетерит, кварц, т.б.
Таралу аймақтары	Орта Азияда (Адрасман), Байкалдық кенорындарында (Белуха), Боливияда (Тасна)
Қолдануы	Висмутқа манызды кен.

Минералдың атауы	Аурипигмент (ағылшын тілінен аударғанда – алтын бояу)
Формула	As_2S_3
Сингония	Моноклинді
Кристалдардың пішіні	Кристалдар сирек кездеседі
Агрегаттары	Жапырақ тәпідес, слюда тәріздес, түйіршікті, топырақты массалар
Түсі	Лимонды-сары, алтынды-сары
Сызылу түсі	Ашық лимонды-сары
Қаттылығы	1,5-2
Тығыздығы	3,5
Жылтырлығы	Седепті (перламутровый)
Жымдастығы	жетілген
Диагностика	Түсі, жымдастығы, қатталығы
Пайда болу жолы	Гидротемалды (төмен температуралы)
Парагенезис	Реальгар
Таралу аймақтары	Грузияда (Лухумдық), Якутияда, Грецияда
Қолдануы	Мөлшеріне қарай күшәлаға кен, кескіндемеде (в живописи) қолданатын сары бояуды жасауда

Минералдың атауы	Ковеллин (мысты индиго)
Формула	$\text{Cu}_2\text{S} \cdot \text{Cu}_2\text{S}_2$
Химиялық құрамы	Cu 66,5 %, S 33,5 %
Сингония	Гекогоналді
Агрегаттары	Примазка?, ұнтақ және күйе массалар
Түсі	Көк, қою-көк (индигово-синий)
Сызылу түсі	Сұр қараға дейін.
Қаттылығы	1,5-2
Тығыздығы	4,6
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	жетілген
Өзге қасиеттері	Тез балқыды, көгілдір жалмен жанып SO_2 шығарады.
Диагностика	Түсі
Пайда болу жолы	Экзогенді – қайталмалы сульфидты қанығы заналарында п.б. гидротермалды

Парагенезис	Борнит, халькозин, халькопирит
Таралу аймақтары	Дербес кенорындарды құрамайды, мыс сульфидты кенорындарда кездеседі
Қолдануы	Басқа минералдармен бірге мысты алуда қолданылады

Минералдың атауы	Молибденит (молибденді жылтыр)
Формула	MoS ₂
Химиялық құрамы	Mo 60 %, S 40 %
Сингония	Гекгоналді
Кристалдардың пішіні	Жіңішке, алтықырлы жапырақты
Агрегаттары	Жапырақты, қабыршақты, жұлдызды
Түсі	Қорғасынды-сұр
Сызылу түсі	Сұр, қағазда көгңлднр-сұр
Қаттылығы	1
Тығыздығы	4,7
Жылтырлығы	Қатты Металлды
Жымдастығы	жетілген
Өзге қасиеттері	Қолды былғайды, ұстағанда майлылығы сезіледі; бөлмедегі температурада электр тоғын нашар өткізеді, температура жоғарланған кезде өткізгіштілігі де жоғарланады.
Диагностика	Жылтырлығы, қаттылығы, жымдастығы
Пайда болу жолы	Магмалық – граниттарда,гранодиориттарда сепплер түрінде кездеседі Гидротермалды –кварцты желілерде
Серіктері	Скарндарда-моноклиналды пироксендер, гранаттар, шеелит; грейзендерде-вольфрамит, касситерит, висмутин, арсенопирит; кварцты желілерде басқа минералдарсыз болады.
Таралу аймақтары	Солтүстік Кавказда (Тырнауыз), Қазақстанда (Коктекол) т.б.
Қолдануы	Молибденитке манызды кен.

Минералдың атауы	Реальгар
Формула	As ₄ S ₄
Химиялық құрамы	As 70.1 %, S 29.9 %
Сингония	Моноклиналді
Кристалдардың пішіні	Қысқа призмалық
Агрегаттары	Друза, түйіршікті, топырақты массалар
Түсі	Қызғыл-сары –қызыл (оранжево-красный), жарық қызыл.
Сызылу түсі	Ашық қызғылт-сары
Қаттылығы	1,5-2, пышақпен кесіледі
Тығыздығы	3,5
Жылтырлығы	Қырлары бойынша алмасты
Жымдастығы	Жетілген
Өзге қасиеттері	Электр тоғын өткізбейді. Ұақыт өте күннің әсерінен ашық қызғылт-сары ұнтаққа айналады. Жаққан кезде мышьякқа тән сипатты сарымсақ иісін шығарады
Диагностика	Түсі, қаттылығы
Пайда болу жолы	Гидротермалды (төмен температуралы)
Серіктері	Аурипигментпен бірге кездеседі
Таралу аймақтары	Грузияда (Лухум), Турцияда, Румынияда, Италияда

Қос сульфидтер

Минералдың атауы	Халькопирит
Формула	$CuFeS_2$
Химиялық құрамы	Cu 34.6%, Fe 30.5 %, S 34.9 %
Сингония	Тетрагоналді
Кристалдардың пішіні	Тетраэрілік, октаэдрлік
Агрегаттары	Тұтас, түйіршікті массалар, сеппелер
Түсі	Жезді-сары
Сызылу түсі	Жасылды-қара
Қаттылығы	3,5-4
Тығыздығы	4,2
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	жетілмеген
Диагностика	Сипатты түсі, сызылу түсі бойынша
Алауан түрліктері	Талнахит –халькопириттің кубтық модификациясы
Пайда болу жолы	Магмалық- пирротинбен пентландитпен ассоциацияда. Скарнды- ангидритпен, пирротинбен, магнетитпен, шеелитпен. Гидротермалды –пиритпен, пирротинбен, корғасын, мырыш, мыс сульфидтерімен. Экзогенді- шөгінді жыныстарда.
Таралу аймақтары	Қазақстанда (Жезказған, Коуынрад), Оралда, Өзбекстанда, Канадада.
Қолдануы	Мысқа манызды кен.

Минералдың атауы	Станнин (Қалайы колчадан)
Формула	Cu_2FeSnS_4
Химиялық құрамы	Cu 29,5%, Fe 13,1 %,Sn 27,5%, S 29,9 %
Сингония	Тетрагоналді
Кристалдардың пішіні	Кристалдар сирек кездеседі
Агрегаттары	Тұтас, түйіршікті массалар
Түсі	Болатты-сұр, сындырғанда зәйтүн-жасылды реңкке ие (оливково-зеленый оттенок на свежом изломе)
Сызылу түсі	Қара
Қаттылығы	3,5, нәзік
Тығыздығы	4,4
Жылтырлығы	Жаңа сынғыштығы бойынша металды, тез қараяды
Жымдастығы	жетілмеген
Өзге қасиеттері	
Диагностика	Жаңа сынғыштығындағы түсі
Пайда болу жолы	Гидротермалды Тотығу зоналарында
Серіктері	Касситерит, сфалерит, халькопирит, пирротин
Таралу аймақтары	Шығыс Байкалды, Боливияда

Минералдың атауы	Борнит (алатүсті мысты кен)
Формула	Cu_5FeS_4
Химиялық құрамы	Cu 63,3%, Fe 11,2 %, S 25,5 %
Сингония	Кубты
Кристалдардың пішіні	Кристалдар сирек кездеседі
Агрегаттары	Тұтас, түйіршікті массалар, сеппелер

Түсі	Жаңадан сынған жерінде қою мысты-қызыл. Жарық құбылуылармен? (побежалость) жабылған.
Сызылу түсі	Сұрлы-қара
Қаттылығы	3
Тығыздығы	5-5,2
Жылтырлығы	Жаңа сынғыштығы бойынша металды, тез қараяды
Жымдастығы	жоқ
Диагностика	Түсі, құбылуы арқылы
Пайда болу жолы	Гидротермалды- бастапқы борнит (первичный борнит) Экзогенді –қайталмалы борнит (вторичный)
Серіктері	Халькопирит, галенит, сфалерит Мыс кенорындардың цементтелу зоналарда
Таралу аймақтары	Қазақстанда (Жезказған, Успеск руднигі), Югославияда
Қолдануы	Мысқа манызды кен

Дисульфидтер

Минералдың атауы	Пирит (күкіртті колчедан)
Формула	FeS ₂
Химиялық құрамы	Fe 46 %, S 53,4 %
Сингония	Кубты
Кристалдардың пішіні	Кристалдар куб түрде, пентагон-додекаэдр, октаэдр Кристалдардың қырларында өзара перпендикулярды сызықтар болады.
Агрегаттары	Друза, сеппелер, тұтас түйіршікті массалар
Түсі	Сабанды-сары (соломенно-желтый), алтынды-сары.
Сызылу түсі	Қара
Қаттылығы	6-6,5
Тығыздығы	4,9-5,2
Жылтырлығы	Қатты, Металлды
Жымдастығы	Жетілмеген, (жоқ)
Өзге қасиеттері	Электр тоғын әлсіз өткізеді
Диагностика	Түсі, кристалдардың габитусы бойынша
Пайда болу жолы	Магмалық Гидротермалды Шөгінді Метаморфты
Таралу аймақтары	Оралда, Азербайджан т.б
Қолдануы	Күкірт қышқылын алуда. Құамында алтын, цинк, мыс әртүрлі тәсілдермен алынады. Краска жасауда. Темір кені.

Минералдың атауы	Марказит
Формула	FeS ₂
Химиялық құрамы	Fe 46,6 %, S 53,4 %
Сингония	Ромбалық
Кристалдардың пішіні	Кестетәріздес, қосақтар, найза тәріздес, қысқа бағандар түрде
Агрегаттары	Кокрециялар түрінде, саустанған, бүршік тәріздес, қабық тәріздес пішіндер
Түсі	Жезді-сары сұрлы немесе жасылды реңкімен
Сызылу түсі	Қою жасылды-сұр
Қаттылығы	5-6
Тығыздығы	4,6-4,9
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	Жетілмеген
Өзге қасиеттері	Электр тоғын әлсіз өткізеді

Диагностика	Кристалдардың пішіні бойынша
Пайда болу жолы	Экзогенді, эндогенді (гидротермалды) жолымен пайда бола алады
Таралу аймақтары	Жеке кенорныдарды құрамайды
Қолдануы	Мөлшері бойынша көп болса күкірт қышқылын алуда қолануы мүмкін.

Минералдың атауы	Кобальтин (кобальтті жылтыр)
Формула	CoAsS
Химиялық құрамы	Co 35,4 %, As 45,3 %, S 19,3 %
Сингония	Кубты
Кристалдардың пішіні	Октаэдрлі, кубты, пентагон-додекаэдр, қосақтар
Агрегаттары	Түйіршікті, тығыз массалар
Түсі	Ақ, болатты- сұр сипатты алқызыл реңкімен
Сызылу түсі	Сұр-қара
Қаттылығы	5,5-6
Тығыздығы	6-6,5
Жылтырлығы	Металлды
Жымдастығы	Орташа
Өзге қасиеттері	Электр тоғын әлсіз өткізеді
Диагностика	Алқызыл реңкі бойынша
Алауан түрліктері	Феррокобальтин (темірге бай)
Грек тілінен аударғанда «хризотил» - алтынды талшық, «асбестус» - жанғыш емес. Параллелді талшықты агрегаттарды құрайды. Олар хииялық құрамы бойынша серпентиниттің алуан түрлігі болып келеді. Хризотилді асбесттің талшықтары берік болып келеді. Отқа төзімді. Хризотил-асбест серпентинитте жіңішке талшықтар түрінде кездеседі. Түсі ашық-жасыл, кейде алтынды. Жылтырлығы жібекті. Қаттылығы 2-3. Тығыздығы 2,2. Талшықтардың ұзындығы бірнеше миллиметрден 10-16 сантиметрге дейін. Талшықтары жұмсақ. Пайда болу серпентиниттікіндей.

Солтүстік Каказда Лабинское кенорны, Шығыс Саянда Ильчирдық, Канадада, Оңтүстік Африкада. Қолдануы: асбесті талшықтар отқа төзімді, жылыны өткізбейтің материалдар ретінде қолданады.

Каолинит $\text{Al}_4[\text{Si}_4\text{O}_{10}](\text{OH})_8$. Бұл атау минералдың алынған орыны Қытайдағы Каулинг тауының атына байланысты шыққан.

Сингониясы моноклиналды. Жіңішке дисперсті тығыз массалар түзеді, сондай-ақ топырақ тәрізді, ұнтақты. Түсі ақ, қоспалардан әртүрлі болуы да мүмкін. Қаттылығы 1. Тығыздығы 2,6. Құрғақ жағдайында тілге жабысады, ал ылғалды жағдайда иілгіш масса түзеді.

Пайда болуы. Далалық шпаттар мен өзге алюмосиликаттарды үгіту кезінде пайда болады. Каолинит саздың, мергельдің, сазды жіктастардың құрамына енеді. Каолиниттен тұратын жынстар каолиндер деп атайды. Алюмосиликатты жыныстарды орналастырудың орынында түзілген қалдықты каолиндерді де ажыратады.

Кенорындары. Украинада – Часов-Ярск, Глуховец, Оралдың шығыс етегіндегі Троицко-Байновск, Ленинград облысында, Кавказда, Шығыс Сібірде кенорындары бар.

Қолданылуы. Каолинді саздарды құрылыс ісінде, керамикада, қағаз өнеркәсібінде, бояуда, ұңғыманы бұрғылауда қолданады.

Құрамы жағынан каолинге өзге минерал – **галлуазит** $\text{Al}_4[\text{Si}_4\text{O}_{10}](\text{OH})_8 4\text{H}_2\text{O}$ жақын, ол ақ түсті опал тәріздес масса түзеді. ол негізгі жыныстар мен бірқатар кенді кенорындардың үгілу қыртысына тән. Үгілу қыртысында галлуазитпен бірге **гарниерит** $\text{Ni}_4[\text{Si}_4\text{O}_{10}](\text{OH})_4 4\text{H}_2\text{O}$ да кездеседі. Ол көкшіл-жасыл түсті жасырын кристаллды топырақты немесе тығыз жинақтар түзеді. Гарнерит никельге маңызды силикатты кен болып табылады. Оның кенорындары Оңтүстік Оралда белгілі. Сондай-ақ саздың минералдарына монтмориллонит жатады.

Мусковит $\text{KA}_12[\text{AlSi}_3\text{O}_{10}](\text{OH})_2$. Моноклиндік сингонияда кристалданады. Түсі сарғыш, ақ сұр, ақық жылтырлы, ұсақ қабыршақты түрі серицит, құрамында хром бар жасыл түрі фуксит деп аталады. Таза мусковит электр тогын өткізбейді. Ақшыл түсі, жымдастығының аса жетілгендігімен ажыратылады. Граниттер мен тақтатастарда тау жыныстарын түзуші минерал. Ірі кристалдары пегматиттерде болады. Гидротермалдық желілердің айналасында өзгеріп ұсақ мусковитпен баю серициттену деп аталады, ол кейбір кендерді іздеу белгісі болып табылады. Ультранегізді жыныстардың гидротермальдық ерітінділер әсерінен өзгеріп құрамында фуксит бар жасыл түсті жыныстарға айналуы листвениттер деп аталады.

Кені Шығыс Сібірде (Мама кені), Карелияда (Энси кені), Шығыс Саянда (Бирюсинск кені), Үндістанда. Жоғары диэлектриктік қасиеттеріне байланысты радио-техникада, электротехникада түрлі приборлар жасау үшін отқа тезімді бұйымдар шығару үшін қолданылады. Металлургия пештерінде отқа тезімді «терезе» ретінде мусковит қолданылады.

Биотит $K(Mg,Fe)_3[AlSi_3O_{10}](OH, F)_2$. **Флогопит** $K Mg_3[AiSi_3O_{10}](F, OH)_2$ изоморфтық қатардың шеткі мүшелері. Биотит ең көп тараған слюда, түсі қара, карақоңыр. Қышқыл жыныстарда, гнейстерде, кристалдық тақтатастарда, пегматиттерде басты минерал.

Флогопит ірі кристалдар түрінде кездеседі, түсі қоңыр, қасиеттері мусковитке ұқсаған, моноклиндік сингонияда кристалданады. Қаттылығы 2,5-3, тығыздығы $2,8 \cdot 10^3$ кг/м³. Мусковиттен мөлдірлігі, өте ашық түсі, жұқа жапырақшаларының, нашар серпімділігі бойынша ажыратылады. Скарндарда, жапсарлық пегматиттерде кальцит, апатитпен бірге кездеседі.

Кені Байкал сыртында (Слюдянка), Алданда, Шығыс Азияда, Канадада орналасқан. Радиотехника мен электротехникада түрлі приборлардың бөлшектері жасалады.

Лепидолит $K, Zr_{1,5}Al_{1,5}[AlSi_3O_{10}](OH)_2$, қабыршақты жұмырша, түсі ақшыл күлгін, күлгін, жылтыры ақықтай құлпырмалы. Моноклиндік сингонияда кристалданады, қаттылығы 2,5-4, тығыздығы $2,8-2,9 \cdot 10^3$ кг/м³. Пегматиттерде грейзендерде альбит, сподумен, қызыл турмалинмен бірге кездеседі.

Кені Қазақстанда, Оралда, Байкал сыртында орналасқан.

Литий рудасы болып саналады.

Вермикулит $(Mg, Fe^{2+}, Fe^{3+})_3[(Si, Al)_4O_{10}](OH)_2 \cdot 4H_2O$.

Кені Оралда (Вишневая тауы), Карелияда (Ковдар), Қазақстанда (Құлантау кені).

Глауконит $(K, H_3O)(Al, Fe_2, Mg, Fe^2)[AlSi_3O_{10}](OH)_2 \cdot nH_2O$. Түсі сұр-жасыл, қаттылығы 2-3, тығыздығы $2,2-2,9 \cdot 10^3$ кг/м³. Құмдар мен саздар құрамында болады. Теңіз тұнбаларынан, ұсақ жәндіктердің қалдықтарынан жиылады. Кені Волга бойында орналасқан. Суды жұмсарту (неопермутит дайындалады), жасыл бояу өндіру, калийлі тыңайтқыш алу үшін қолданылады.

Гидромусковит (иллит) $(K, H_3O) Al_2[AlSi_3O_{10}](OH)_2 \cdot 4H_2O$.

Отқа төзімді саздардың және басқа шөгінділердің құрамына кіреді.

Монтмориллонит $(Al, Mg)_2(Si_4O_{10})(OH)_2 \cdot 4H_2O$. Босаң, байланысқан беттер (пакеттер) арасынан абсорбциялық судың молекулалары орын алады. Сулы ортада суды жұтып көлемін өсіреді. Әр түрлі сұйық заттарда, нәзік түйірлі қоспаларды жұтып катиондарды алмастырады. Түсі ақ-сұр, қызғылт, жылтыры күңгірт, қаттылығы 1,5-2,5, тығыздығы $2,2-2,9 \cdot 10^3$ кг/м³. Бентонит саздарын құрайды. Кендері Грузияда, Қырымда, Маңғыстауда орналасқан. Көптеген өндіріс саласында қолданылады. Суды, майларды, қант шырынын, жеміс шырындарын, шарапты т. б. Тазарту жүн, теріні тазарту үшін қолданылады. Бұрғылау сұйықтығының құрамына енгізіледі, скважина қабырғаларының жарықтарын бекітеді. Монтмориллониттің бірнеше түрі бар.

Нантронит $(Fe, Al)_2[Si_4O_{10}](OH)_2 \cdot 4H_2O$. Түсі сұржасыл, жасыл қоңыр, жылтыры күңгірт, қаттылығы 2-2,5, тығыздығы $1,7-1,9 \cdot 10^3$ кг/м³, борпылдақ масса түрінде кездеседі. Ультранегізді жыныстардың үгіліп ыдырауынан түзіледі. Кендері Батыс Қазақстанда орналасқан (Бүркіттау, Буранов, Чугуев т. б.). Никель алу үшін өңделеді.

Хризаколла $Si_4(Si_4O_{11})(OH)_2 \cdot 4H_2O$. Монтмориллониттің мысқа бай түрі, борпылдақ масса түрінде кездеседі. Түсі кегілдір, жасыл көк, шыныдай жылтыр, қаттылығы 2-4, тығыздығы $2-2,3 \cdot 10^3$ кг/м³. Мыс кендерінің тотығу зонасында малахит, изурит, купритпен бірге кездеседі. Мыс рудасы, өзге тотыққан минералдармен бірге өңделеді. Мыс кендерін іздеу белгісі болып табылады. Төрт қабатты алюмосиликаттар.

Хлориттер тобы. Магний мен темірдің құрамы күрделі, тұрақсыз, көп тараған алюмосиликаттары. Кристалдық құрылымында үш қабатты беттердің арасына төртінші октаэдрлік $Mg(OH)_2$ қабаты қосылады. Моноклиндік сингонияда кристалданады, пішіні слюдаларға ұқсас, қабыршақты масса құрайды. Түсі сұр-жасыл, қошқыл жасыл, жымдастығы жетілген. Жалпы химиялық формуласы $(Mg, Fe)_6[AlSi_3O_{10}](OH)_8$. Құрамында магний басым болса ортохлориттер, темір басым болса лептохлориттер деп аталады, Ортохлориттерге пеннин, клинохлор, хлоритті тақтатастарды құрастырушы кеп тараған минералдар. Биотит, қоңыр амфибол гидротермальдық ерітінділер әсерінен хлориттерге ауысады. Бұл процесс хлориттену деп аталады. Лептохлориттерге түстері қоңыр, жасыл келетін шамозит пентюрингит жатады. Бұлар сидеритпен $Fe[CO_3]$ бірге кездеседі. Метаморфтық жыныстарда ұшырайды.

Кендері Қазақстанда (Қаражал), Францияда, ФРГ-де орналасқан. Лептохлориттер темір рудасы болып табылады, ауысқанда оттек-кремний-алюмний тетраэдрі пайда болады. Гаджалдың теріс зарядін K, Na, Ca , кейде Ba катнондары бейтараптайды. Бұлар каркастың ірі қуыстарын толтырады. Cl^- , $[CO_3]^{2-}$, $[SO_4]^{2-}$ түріндегі қосымша аниондар және су молекулалары да осы қуыстардан орын алады.

Каркасты силикаттар

Альбит $\text{Na}[\text{AlSi}_3\text{O}_8]$.

Бұл атау латынның «альбус» - ақ деген сөзінен шыққан.

Түсі ақ. Кейбір пегматитті желілерде ортоклаз, топаз, берилл, морионмен иілгіш агрегаттар түзеді. Сирек металлды пегматиттерде қант тәрізді түйіршікті альбит және ақ немесе көкшіл түсті беттік альбит -клевеландит болады. Атқылаған жыныстарда альбит микроскоптың көмегісіз көрінбейді.

Лабрадор. Солтүстік Америкадағы Лабрадор түбегінің атына байланысты аталған. Мұнда толығымен лабрадордан-лабродориттерден тұратын жыныстар кездеседі.

Түсі сұр, кара-сұр. Жымдастықтың тегістігіне көкшіл құйылулар тән. Кристаллдарда көк түспен ерекшеленетін лабрадорлы жыныстар жылтыратуды жақсы қабылдап, жақсы төгінді материалдар қызметін атқарады. Мысалы Мәскеуде Лениннің кесенесі, көптеген ғимараттар мен метролар осылайша жасалған. Лабрадордың ірі кенорындары Украинадағы Житемір облысында бар.

Ортоклаз $\text{K}[\text{AlSi}_3\text{O}_8]$. Ортоклаз грек тілінен аударғанда «тура көрсету» тік бұрышпен жүретін жетілген жымдастықтың бағытын көрсету.

Сингониясы моноклинді. Кристаллдары жақсы көрінген, жиі қосарлы болып келеді, сондай-ақ тұтас кристаллды массалар да түзеді.

Түсі ашық-сұр, ашық –қызғылт. Жылтырлығы шынылы. Қаттылығы 6-6,5. Тығыздығы 2,5-2,6.

Әртүрлілігі. Жоғары температуралы, кейде өзіндік минералды түр беретін түссіз модификациясы санидин деп аталады, бұл эффузивті жыныстарға тән. Адуляр – альпі түріндегі желілерде кездесетін, сына тәрізді сулы-мөлдір далалық шпат. Күмісті құйылулы көкшіл түсті адулярлар айлы тас деп аталады.

Пайда болуы. Магмалық – қышқыл және орташа атқылаған жыныстарда және пегматиттерде пайда болады. Үгіту кезінде каолинизацияға ұшырайды.

Микроклин $\text{K}[\text{AlSi}_3\text{O}_8]$. Грек тілінен аударғанда “жеткіліксіз ауытқыған” деген мағынаны білдіреді. Жымдастық жазықтықтарының арасындағы бұрыш ортоклазға карағанда турадан 20° ауытқиды.

Сингониясы триклинді. Сыртқы пішіні жағынан ортоклазға ұқсас. Кристаллдары кейде ірі көлемдерге жетеді, пегматитті желілерде ондаған тонналарға дейін жетеді.

Түсі ақ, сұр, қызғылт, сары, қызыл. Жылтырлығы шынылы. Жымдастығы жетілген. Қаттылығы 6-6,5. Тығыздығы 2,54-2,57.

Микроклиннің жасыл түсті сирек әртүрлілігі амазонит немесе амазонды тас деп аталады.

Пайда болуы. магмалық, ірі кристаллдары пегматитті желілерде кездеседі.

Сутас пен альбиттің калийлі далалық шпаттары заңды түрде өсіп, кеңінен таралған. Алғашқылары “европалық тас” немесе жазба граниті деп аталады және пегматитті үрдістің алғашқы сатысына тән.

Екіншілері пертит деп аталады, бұл микроклин – пертиттер. Ашық түсті альбиттің линза тәрізді талшықтары көзге көрінеді.

Кенорындары. Керамикалық пегматиттердің ірі кенорындары Карелияда, амазонит Оралдағы Ильмен тауларында, Қазақстан мен Байкал маңында белгілі.

Қолданылуы. Пегматитті желілердің калийлі далалық шпаттары керамика мен шыны өнеркәсібінде шикізат болып табылады. Айлы тас зергерлік ісінді пайдаланылады.

Лейцит $\text{K}[\text{AlSi}_2\text{O}_6]$. “лейкос” грекше – ашық. Минералы псевдокубтық. Кристаллдары тетрагон-триоктаэдрлі, жиі балқыған, шар тәрізді пішінді болады.

Түсі ақ. Жылтырлығы шынылы. Жымдастығы жоқ. Қаттылығы 5,5-6. Тығыздығы 2,5.

Пайда болуы. Лейцит жас эффузивті жыныстарға минерал болып табылады, отлақылдарда, туфтарда, жанартаулық күлдерде жиі кездеседі. Құрамында калийі мол, ал кремний қышқылы аз қатқан отлақылдарда түзіледі, сондықтан да сутаспен бірге кездеспейді.

Кенорындары. Ірі әдемі кристаллдар Италияда, Кавказ маңында белгілі.

Қолданылуы. Жыныстың құрамында лейциттің болуына байланысты алюминий мен калийлі тыңайтқыштарда шикізат ретінде қолданылады.

Нефелин $\text{Na}[\text{AlSiO}_4]$.

Сингониясы гексагональды. Кристаллдары ұсақ, призмалық. Сеппелер және майлы жылтырлықты тұтас құйылулы массалар – элеолит түзеді.

Түссіз, сұр, қызғылтым, жасылтым. Жылтырлығы майлы. Жымдастығы жоқ. Қаттылығы 5,5.

Тығыздығы 2,6.

Нефелиннің маңызды диагностикалық белгісі үгілудің нәтижесінде түзілетін оның бетіндегі кеуекті сұр қабық.

Пайда болуы. Магмалық – кремний қышқылы аз, натрийі мол жыныстарда кездеседі (нефелинді сиениттер мен сілтілі пегматиттерде). Апатитпен, эгиринмен, далалық шпатпен, биотитпен, ильменитпен, титанитпен, цирконмен және сілтілі жыныстардың өзге минералдарымен ассоциацияланады. Сутаспен паратекте кездеспейді.

Құрамында CO_2 бар, сұр немесе сары түсті алюмосиликат Ca – канкринит және көк түсті содалит $\text{Na}[\text{AlSiO}_8]_6\text{Cl}_2$ нефелиннің гидротермалды өзгеруінің өнімдері болып табылады.

Кенорындары. Нефелин Кольск түбегінде белгілі, мұнда апатитпен бірге алынады, сондай-ақ Оралдың тауларында алынады. Алатаудың бөктердерінде өндіріледі.

Қолданылуы. Алюминийге кен болып табылады, шыны, фарфор өнеркәсібінде қолданылады.

Тақырып: Бораттар.

Мақсаты: диагностикалық белгілер және физикалық қасиеттер арқылы минералдарды анықтауын үйрену.

Құрал жабдықтар: микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, физикалық қасиеттерді анықтауға арналған құралдар, минералдардың үлгілері.

Сусыз бораттарға келесі минералдар жатады: людвигит, ашарит, борацит.

Сулы бораттар химиялық көлді тұнбалары болып келеді, немесе олар тұзды кенорындардың гипсті қалпақтарынан еру және қайта орыны ауыстыру нәтижесінде пайда болады. Олардың түсі ақ, қаттылығы төмен (1-3), тығыздығы 1,65-2,4. Ең таралғандары: гидробарацит, колеманит, иньоит, улексит, бура.

Людвигит $(\text{Mg}, \text{Fe})_2\text{Fe}^{3+}[\text{BO}_3]_2\text{O}_2$

Сингониясы ромбалық. Түйіршікті агрегаттарды құрайды, кейде сәулелі болады. Түсі қара, жасылды-қара. Қаттылығы 5.

Диагностикасы: радиалды-сәулелі мен шесттәріздес агрегаттар сипатты, түсі, магнезиалды скарнардарда парагенезисі.

Пайда болуы: контактілі-метасоматикалық жыныстарда кездеседі.

Якутия скарнардарында магнетитпен турмалинбен кездеседі.

Гидробарацит $\text{CaMg}[\text{B}_2\text{VO}_4(\text{OH})_3]_2 \cdot 3\text{H}_2\text{O}$

Сингониясы моноклинді. Сферолитті, жұлдызды агрегаттарды құрайды, инетәріздес, сәулелі, талшықты. Түсі ақ. Шылтырлығы шынылы. Қаттылығы 2. Тығыздығы 2,7.

Диагностикасы: жұлдызды агрегаттары бойынша.

Пайда болуы. Тұзды күмбездердің жабынында және химиялық көлді тұнба ретінде.

Парагенезис: басқа сулы бораттар, гипс, ангидрит.

Қазақстанда, ТМДда кездеседі.

Қолдануы: борға кен. Бордың тұздары және бор қышқылы шыны кәсіптікте, металлургияда, медицинада, тамақ кәсібінде қоладанады.

Бура $\text{Na}_2[\text{B}_2\text{V}_2\text{O}_5(\text{OH})_4] \cdot 8\text{H}_2\text{O}$

Сингониясы моноклинді. Қысқапризмалық кристалдарды құрайды, агрегаттарды түйіршікті, топырақ массалар.

Түсі ақ, жылтырлығы шынылы, қаттылығы 2-2,5, жымдастығы жетілген. Тығыздығы 1,7.

Диагностикасы: суда тез ериді. Түгіктін (пробирка) ішінде қыздырған кезде суды көп шығарады.

Пайда болуы: шектелген бассейндердің судың булануы кезінде және құрғақшыл аудандарда

топырақтардың күнгіртті (выцвет) ретінде. Температурамен давление әсер еткен кезінде

қайтакристалдану нәтижесінде кернит $\text{Na}_2[\text{B}_2\text{V}_2\text{O}_6(\text{OH})_2] \cdot 3\text{H}_2\text{O}$ пайда болады. Кернит борға маңызды кен.

Калифорнияда таралған.

Тақырып: Карбонаттар.

Мақсаты: диагностикалық белгілер және физикалық қасиеттер арқылы минералдарды анықтауын үйрену.

Құрал жабдықтар: микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, физикалық қасиеттерді анықтауға арнылған құралдар, минералдардың үлгілері.

Кальцит $\text{Ca}[\text{CO}_3]$

Сингониясы тригональді. Кристаллдары ромбоэдр, скаленоэдр түрінде. Агрегаттары: түйіршікті, топырақты, сауыстанған (сталоктои пне сталагмит түрінде).

Түсі ақ, әртүрлі түстердің ақшыл ренктері. Кейде мөлдір. Қаттылығы 3. Тығыздығы 2,7. Тұза қышқылымен жақсы әрекеттеседі - CO_2 шығарады.

Алуан түрліктері: исланд шпаты немесе оптикалық кальцит – мөлдір түссіз. Оларға қатты қос күн шағылыстыруы қарастырылады.

Диагностикасы: ромбоэдр бойынша жетілген жымдастығы арқылы. Доломиттен қарағанда тұз қышқылымен жақсы әрекеттеседі.

Пайда болу жолы: табиғатта ізбестастар, бор, мәрмәр түрінде кездеседі. Избестастар химиялық немесе биогенді теңіздік шөгінділері болып келеді. Мәрмәр- қайта кристалдарған избестас, ол ауамақтық метаморфизм кезінде пайда болады. Кальцит үгілу қыртысында және төмен температуралы гидротералды (кенді желілерде) кездеседі.

Таралу аймақтары: Грузияда, Арменияда, Орта Азияда, Оралда (мәрмәр кенорындары), Италияда, Исландияда.

Қолдануы: избестастар құрылыс, химиялық (әктәс, цемент, шыны, сода алуда) ісінде қолданылады, металлургиялық (флюс) кәсіптігінде. Мәрмәр – бағалы қаптау материал. Исланд шпаты оптикалық құралдарда қолданады (поляризациялық микроскоптар).

Магнезит $\text{Mg}[\text{CO}_3]$

Кристалды-түйіршікті агрегаттар және фарфортәрізді тығыз, жасырынкристалды массалар түрінде кездеседі.

Түсі ақ. Қаттылығы 4-4,5. Тығыздығы 3.

Диагностика: Ақ масситі алуан түрлігі тасқа ұқсайды, бірақ қаттылығы төмен. Агрегаттары ірітүйіршікті. Тұз қышқылында тек ысытқан кезде ыдырайды.

Пайда болуы: матасоматикалық жолымен – құрамында магний бар ерітінділер избестастарды алмастырған (при замещении) кезінде пайда болады; асанегізді жыныстарды магнийге бай жыныстарды қайтаөндегенде гидротермалды жолымен пайда болады және оларды үгілуі кезінде.

Таралу аймақтары: Оралда, Қытайда, Астрияда, Канадада

Қолдануы: магнезит отқа төзімді материалдарды жасауда қолданады. Магнийді алуда.

Доломит $\text{CaMg}[\text{CO}_3]_2$

Кристалды-түйіршікті агрегаттар, мәрмәрға ұқсайды. Кеуек-құысты және топырақты массаларды құрайды.

Түсі ақ, ашық-қоңыр қызыл. Қаттылығы 3,5-4. Тығыздығы 2,9.

Диагностика: тұз қышқылымен әлсіз әрекеттеседі (тек ұнтақталған күйде), тұз қышқылын ысытқанда – қатты қайнайды.

Пайда болуы: шөгінді, гидротермалды.

Таралу аймақтары: Оралда, Донбасста, Орта Азияда, Сібірде

Қолдануы: құрылыс материал ретінде, флюс және отқатөзімді материалдар ретінде металлургияда.

Сидерит $\text{Fe}[\text{CO}_3]$

Атауы грек тілінен «сидерос» - темір.

Агрегаттары түйіршікті, топытарқты, тығыз масалар. Түсі қоңырлы-қызыл сары, қоңыр-қызыл.

Қаттылығы 3,5-4,5. Тығыздығы 4.

Диагностика: жоғқары тығыздылығы бойынша ажыратылады. Тұз қышқылында тез ериді, осы кезде тұз қышқылының тамшысы сарғыш түске боялынады, ол FeCl_3 пайда болуынан.

Пайда болу жолы: гидротермалды – полиметалы кенорындарда желілі минералдар ретінде қолданады. Избестастарды алмастырған кезде метасоматикалық шоғырлар пайда болады. Пайда болуы шөгінді

бола алады, метаморфты – шөгінді кенорындардың метаморфизімі кезінде. Тотығу зоналарында тез ыдырайды және темір тотықтардың гидраттарына айналады, осы кезде «темір қалпақтар / железные шляпки» құрайды.

Таралу аймақтары: Оңтүстік Оралда, Аустралияда, Испанияда.

Қолдануы: сидерит – темірге маңызды кен.

Родохрозит $Mn[CO_3]$

Агрегаттары түйіршікті, тұтас. Түсі алқизыл, үгілу кезінде қонырлайды. Қаттылығы 3,5-4. Тығыздығы 3,6.

Диагностика: алқизыл түсімен ажыратылады, тұз қышқылында баяу ериді, ысытқан кезде – тез.

Пайда болу жолы: гидротермалды – кенді желілерде; шөгінді – марганец кенорындарында.

Таралу аймақтары: Буряттық Республикада Джидиндік, Грузияда Чиатури.

Қолдануы: марганецке кен болады.

Смитсонит $Zn[CO_3]$

Сауыстанған агрегаттарда кездеседі, қорочка және бүршек тәріздес агрегаттар түрінде кездеседі. Түсі ақ жасылды немесе көгілдір ренкімен (құрамында мыс болудың нәтижесінде). Қаттылығы 4-4,5. Тығыздығы 4,3.

Диагностика: жасылды-көгілдір түсті сауыстанған агрегаттары бойынша, жоғары тығыздығы бойынша, қорғасынды-ырыш кенорындардың тотығу зоналарында. Тұз қышқылында тез ериді.

Пайда болу жолы: экзогенді – полиметаллды сульфидті кенорындардың тотығу зоналарынан минералы. Сфалерит арқылы пайда болады.

Серіктері: церуссит, гимиморфит лимонит, сфалерит, галенит, гипс.

Таралу аймақтары: Оңтүстік Қазақстанда Қаратау жотасының полиеталды кенорындарда, Читинская облысында Кличкиндік тобында.

Қолдануы: мырышқа маңызды кен.

Арагонит $Ca[CO_3]$

Кальцитке қарағанда сирек кездеседі. Сингония ромбалық. Кристаллдары призмалық, инетәрізді; агрегаттары шесттәрізді, радиалды-сәулелі. Сауыстанған пішіндер сипатты, оолиттер (горохты тас / гороховый камень), бұтатәрізді пішіндер (темір гүлдер / железистые цветы).

Түсі ақ. Жылтырлығы шынылы. Жымдастығы жоқ. Қаттылығы 3,4-5. Тығыздығы 2,9.

Диагностика: тұз қышқылымен қатты әрекеттеседі. Арагониттің ұнтағы азотқышқылды кобальтте $Co(NO_3)_2$ (азотнокислый кобальт) ысытқан кезде күлгін түске ие болады (кальцит ұнтағы осы кезде түсін өзгертпейді).

Пайда болу жолы: эффузивті жыныстардың миндалиналарында және ыстық көздер аумақтарында пайда болады. Экзогенді – таужынытсардың үгілу қыртысында және кенді кенорындардың тотығу зонасында пайда болады.

Церуссит $Pb[CO_3]$

Кристалдары кестетәріздес, инетәріздес. Агрегаттары тұтас, түйіршікті, сауыстанған пішіндер. Нәзік. Түссіз, ақ, сұр. Жылтырлығы алмазды. Қаттылығы 3-3,5. Тығыздығы 6,5.

Диагностика: алмазды жылтырлығы, жоғары тығыздығы, жеңіл балқиды.

Азот қышқылымен әрекеттеседі (реагирует с шипением).

Пайда болуы: қорғасынды-мырышты кенорындардың тотығу зоналарында галенит пен англезит минералдары арқылы пайда болады.

Кенорындары: Каратау жотасында полиметаллды кенорындарда Ачисай кенорыны, Рудный Алтайда Змегорск кенорыны.

Қолдануы: тотығу зонасы едәуір болса, онда қорғасынға маңызды кен болып келеді.

Малахит $Cu_2[CO_3](OH)_2$

Сингония моноклиналды. Сауыстанған пішіндер, бүршекті, топырақты массаларда кездеседі. Кейде радиалды-сәулелі агрегаттар жібекті жылтырлықпен болады. Топырақты малахиттің атауы мысты жасыл (медная зелень).

Түсі жасыл, сызылу түсі ақшыл-жасыл. Жылтырлығы шынылы, жібекті. Қаттылығы 3,5. Тығыздығы 4.

Диагностика: түсі, сызылу түсі, тұз қышқылында тез ериді.

Пайда болу жолы: мыс кенорындарда тотығу зоналарында пайда болады.

Парагенезис: азурит, хризоколла, саф мыс, куприт, лимонит, гипс, әртүрлі сульфид мыстары.

Қолдануы: сауыстанған түрлері ұсақ-түйектерді жасауда, басқа минералдармен бірге мысқа кен болады.

Азурит $Cu_3[CO_3]_2(OH)_2$

Сингония моноклиналды. Кристалдары ұсақ, бағанатәрізді, кестетәрізді. Ұсақкрисатлды қабыршақтар мен друзалар, топырақты массалар- мысты көк (медная синь).

Түсі қою-көк, топырақты массаларда көгілдір. Сызылу түсі көгілдір. Жылтырлығы шынылы.

Қаттылығы 3,5-4, тығыздығы 3,8. Қышқылда ериді.

Диагностика: түсі, мыс минералдардың тотығу зоналарында табылған бойынша.

Пайда болуы: серіктері малахиттікі дей, малахиттер сирек кездеседі. Мысқа іздеу белгісі болады. Көк краска жасауда қолданады.

Тақырып: Фосфаттар.

Мақсаты: диагностикалық белгілер және физикалық қасиеттер арқылы минералдарды анықтауын үйрену.

Құрал жабдықтар: микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, физикалық қасиеттерді анықтауға арнылған құралдар, минералдардың үлгілері.

Апатит $Ca_5[PO_4]_3(F, Cl, OH)$

Атауы грек тілінен «апатио» - алдаймын деген мағынада.

Апатиттің химиялық құрамы күрделі. Изоморфы алмастыруы жүреді, сондықтан құрамы тұрақты емес.

Алуан түрліктері: Фторapatит $Cu_5[PO_4]_3 F$, Хлоapatит $Cu_5[PO_4]_3 Cl$, Гидроксилapatит $Cu_5[PO_4]_3 OH$

Оксиapatит $Cu_5[PO_4]_3 OH$

Апатиттерде изоморфты алмастыруы изовалентті мен гетеровалентті болады.

Сингония гексогоналды. Кристалдары гексогоналды призмалар мен дипирамидалардың құрамдастырылуы болады. Олардың мөлшерлері өте ұсақ, микроскоп арқылы көрінеді, массалары 50 кг дейін жетеді. Тұтас қант тәрізді түйіршікті массалар сипатты.

Түсі сары-жасыл, ақ, көгілдір, кейде түссіз. Сызылу түсі ашық. Жылтырлығы шынылы. Жымдастығы жетілеген. Сынғыштығы тегіс емес. Нәзік. Қаттылығы 5. Тығыздығы 3,2.

Диагностика: кристалдардың пішіні бойынша, түсі, қаттылығы бойынша.

Пайда болу жолы: магмалық – акцессорлы инерал ретінде қышқыл жыныстарда кездеседі, сілтілі жыныстарда нифелинмен бірге. Пегатитті желілерде кездеседі. Кейбір контактілі-метасоматикалық кенорындарға сипатты.

Кенорындары: Хибинское кенорыны (apatиттің әлемде ең ірі кенорыны). Бурятияда. (қосымша қарау).

Қолдануы: фосфорит алуда, фосфор тыңайтқыштарды алуда.

Фосфорит

Шөгінді түзілідер, кальций фосфатынан тұрады. құрамы бойынша апатитке тән (жіңішке дисперсті апатиттен құралған). Конкрецияларда кездеседі, топырақты массаларда. Түсі сұр, қонырлы-қызыл.

Пайда болуы биогенді – ағзалардың тіршілік ету нәтижесінде. Избестастардың, құмтастардың, сазды минералардың арасында әртүрлі қалыңдылықты қабаттарды құрайды. Пайдалы қалдықтар

(бақалшылар мен жануарлардың сүйектері) бойынша фосфоритердің псевдоморфозалар кездеседі.

Кенорындары: Ресейде, Украинада, Оңтүстік Қазақстанда (Каратау), Ақтобе облысында Чилисайское кенорындары.

Қолдануы: апатитке аналогиялық.

Бирюза $Cu(Al, Fe)_6[PO_4]_4(OH)_8 \cdot 4H_2O$

Сингония триклинді. Кристалдары сирек кездеседі. Тығыз, бүршек жасырын кристалды жарықшақтар (прожилки и стяжения).

Түсі аспанды-көгілдір, жасылды-көгілдір. Жылтырлығы балауызды. Сынғыштығы бақалшы.

Қаттылығы 5-6. Тығыздығы шамамен 2,7.

Диагностика: түсі, жылтырлығы.

Пайда болу жолы: экзогенді. Құрғақ аумақтарға сипатты.

Кенорындары: Қазақстанда. Иранда, Австралияда.
Қолдануы: зергелік шикізат.

Тақырып: Сульфаттар.

Мақсаты: диагностикалық белгілер және физикалық қасиеттер арқылы минералдарды анықтауын үйрену.

Құрал жабдықтар: микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, физикалық қасиеттерді анықтауға арналған құралдар, минералдардың үлгілері.

Барит $Ba[SO_4]$ (ауыр шпат)

Грек тілінен «барос» салмақ деген мағынада. Сингониясы ромбалық. Кристалдары кесеттәріздес, агрегаттары түйіршікті, тығыз, жапырақты, друза түрінде кездесуі мүмкін.

Түсі: түссіз, кейде сулы-мөлдір (водяно-прозрачный), жиі ақ, сұр, қызғыл-қоңыр (бурий). Сызылу түсі ақ. Жымдастығы жетілген. Жылтырлығы шынылы. Қаттылығы 3-3,5. Тығыздығы 4,5.

Диагностика: аурлығы бойынша, сипатты жымдастығы бойынша, кристаллдардың кесеттәріздес күйі бойынша тез анықталады.

Пайда болуы: гидротермалды – кенді желілерде галенитпен, сфалеритпен, пиритпен, киноварьмен, флюоритпен кездеседі, жиі жеке баритті желілерді құрайды. Пайда болуы экзогенді барит темір қалпақ зоналарында (зона железной шлыпы) пайда болады – барийдің ергіш тұздарымен басқа металлдардың сульфаттарымен немесе H_2SO_4 реакцияға түсу нәтижесінде.

Кенорындары: Грузияда Кутаисск ауданында, Түрменистанда Копетдаг жатасында, Оралда.

Қолдануы: өнеркәсіптікте таза күйінде және барий препараттарын жасауда. Ұңғымаларды бұрғылау кезінде саз ерітінділерін ауырлату үшін қолданылады. Обой, клеёнка, линолеум жасауда жинағыш (накопитель) түрінде. Барийдің тұздары ауыл шаруышылығында зиянды жәндіктермен қарсыласуда және медицинада.

Целестин $Sr[SO_4]$

Сингониясы ромбалық. Кристаллдары кесеттәріздес, призмалық, кейде созылынды. Агрегаттары шесттәріздес, түйіршікті, тығыз, кейде друзалар түрінде кездеседі.

Түсі: аспанды-көгілдір, көгілдір-ақ, сұр, кейде мөлдір. Жылтырлығы шынылы, жымдастық жазықтықтарында перламуттыға дейін. Қаттылығы 3-3,5. Тығыздығы 4.

Диагностика: бозарыңқы-көгілдір түсімен (бледно-голубой) ажыратылады, кристаллдардың кесеттәріздес пішінімен, жоғары тығыздығымен. Қыздырған (прокаливания) және сулаған соң жалынды (пламя) қызыл түске бояйды – стронцийге реакция.

Пайда болуы: көбінесе шөгінді; гипспен, кальцитпен, баритпен, саф күкіртпен парагенезисте болады. Төментемпературалды гидротермалды пайда болуы мүмкін.

Кенорындары: Орта Азияда- Ляккандық оңтүстік Фергандық аңғарында, Тәжікстанда, Түркменистанда, Архангельск ауданында. Сицилия аралында.

Қолдануы: стонцийге негізгі кені болып келеді.

Англезит $Pb[SO_4]$

Сингониясы ромбалық. Кристаллдары ұсақ жіңішке кесеттәріздес, созылынды. Агрегаттары түйіршікті, тығыз.

Түсі: түссізден аққа дейін. Жылтырлығы алмазды. Қаттылығы 2,5-3. Тығыздығы 6,3.

Диагностика: жоғары тығыздығы, алмазды жылтырлығы, парагензисі бойынша ажыратылады. Церусситтен айырмашылығы – HNO_3 қайнайды (вскипает).

Пайда болуы: қорғасынды кенорындардың тотығу зоналарында галенитпен, церусситпен бірге кездеседі.

Кенорындары: Қазақстанда, Забайкальеда.

Қолдануы: басқа тотыққан кендермен бірге балқуға жіберіледі.

Ангидрит $Ca[SO_4]$

Сингониясы ромбалық. Кристаллдары қалың кесеттәріздес. Агрегаттары тұтас, ұсақтүйіршікті. Түсі: ақ, сұр, көгілдір. Сызылу түсі ақ. Жылтырлығы шынылы, жымдастық жазықтықтарында перламуттыға дейін. Қаттылығы 3,5. Тығыздығы 3.

Диагностика: түсімен, гипстен жоғары қаттылығымен.

Пайда болуы: ангидрит маңызды жынысқұраушы минерал; гипспен, галитпен шөгінді жыныстарда кездеседі. Температура 42⁰ астам болған кезде теңіз суларынан тұнбаға түседі. Температура төмен болғанда гипс түзіледі $\text{Ca}[\text{SO}_4] \cdot 2\text{H}_2\text{O}$. Тұздардың (NaCl және көбінесе MgCl_2) концентрациясы едәуір болғанда ангидрит төмен температураларда (20-30⁰) пайда болуы мүскін.

Қалыпты қысым және су болғанда ангидрит гипске айналады, және оның көлемі ұлғаяды (30%-ға). Осындай алмасу 100-150 метр тереңдікте болады (қысымды есепке алғанда). Кері өзгеруді болады: кейбір (часть) ангидриттер гипстің дегидротация кезінде пайда болады.

Кенорындар: ангидриттің кенорындары жаратылысы теңіздік тұздардың кенорындарымен байланысты. Украинада-Артемьевск; Германияда –Стассфуртсктық; Үндістанда –Пенджаб штатында.

Қолдануы: цемент жасауда қолданылады.

Гипс $\text{Ca}[\text{SO}_4] \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ (жеңіл шпат)

Сингониясы моноклиналді. Кристалдары қалын- және жіңішке кестетәріздес, кейде аса ірі; қосақтар сипатты – «қарлығаштың құйрығы». Агрегаттары тығыз, түйіршікті, жапырақты, талшықты (селенит). Түсі: ақ, диі түссіз, сұр, алқызыл (құрамында қоспалар болу нәтижесінен). Сызылу түсі ақ.

Жылыырлығы шынылы, талшықты түрліктерінде жібекті. Жымдастығы аса жетілген. Қаттылығы 2, тырнақпен сызылады. Тығыздығы 2,3.

Диагностика: төмен қаттылығы және жетілген жымдастығы бойынша тез ажыратылады. Түтіктің (пробирка) ішінде қыздырған кезде ағарады және су болінеді (80-90⁰).

Алуан түрліктері: селенит – талшықты түрі; алебастр (жартылайгидрат $\text{Ca}[\text{SO}_4] \cdot \frac{1}{2}\text{H}_2\text{O}$) – 120-140⁰ ысытқан кезде пайда болады.

Пайда болуы: пайда болуы мен табуы гипс тек ангидритпен байланысты. Теңіздік, көлдік тұнба болып саналады. Шөгінді жыныстардың арасында қабаттарды құрайды, ангидритпен, галитпен, саф күкіртпен, кейде мұнаймен ассоциацияланады. Және гипс сульфидтер мен саф күкірттің тотығу зоналарында пайда болады. Осы кезде тығыз немесе борпылдақ массалар пайда болады және олар саз немесе басқа қоспалармен араласады – осылай гипсті қалпақтар (гипсовые шляпы) аталады. Ангидрит секілді, гипс фумаролды әрекеттінің өнімдерінде кездеседі.

Кенорындар: Архангельск, Вологодск, Владимир ауданындарда; Башкирияда, Солтүстік Кавказда, Орта Азияда, Канадада, Италияда.

Қолдануы: гипс шикі және күйдірілген түрінде қолданады. Күйдірілген гипс жабыстырма (лепные работы) жұмыстарда, архитектурада, медицинада, цемен пен қағаз кәсіптерде қоланады. Шикі гипс портландцементті, мүсіндерді (статуя) жасауда, тынайтқыш ретінде қолданады. Талшықты гипс ұсақ бұйымдарды жасауда қоланады – көбінесе селенит Оралдағы Кунгура ауданынан).

Мирабилит $\text{Na}_2[\text{SO}_4] \cdot 10\text{H}_2\text{O}$ (глауберлі тұзы)

Неміс дәрігер және химик И.Р. Глаубер осы тұзды жасанды жолымен алған, таң қаларлық тұз деп атаған (удивительная соль – sal mirabile).

Сингониясы моноклиналді. Тұтас түйіршікті массалар түрінде кездеседі, қабықшалар (корочки), күңгіртті түрінде (выщветы).

Түсі: түссіз, ақ. Жылтырлығы шынылы. Дәмі ащы-тұзды. Қаттылығы 1,5-2. Тығыздығы 1,5.

Диагностика: Түтікте қыздырған кезде өзіндік кристаллизациялық суында ериді.

Пайда болуы: сульфат натрийіне бай тұзды көлдерде пайда болады. Ауада суды жоғалтады, нәтижесінде тенардитке айналады $\text{Na}_2[\text{SO}_4]$.

Кенорындар: Қара-Богоз-Гол шығанағында (залив), осында ыстық (күн) пен суықты қолдануымен бассейнді әдіспен жасанды алынады. Мирабилиттің қорлары – 4 млрд.т. Кулундинск далаларындағы (степь) көлдерінде кездеседі. Грузияда.

Қолдануы: шыны кәсіптігінде қолданады, медицинада Леблан әдісі бойынша сода жасау үшін.

Алунит $\text{KAl}_3[\text{SO}_4]_2(\text{OH})_6$

Сингониясы тригоналді. Тығыз, топырақты және тұтас тастәріздес массалар түрінде кездеседі.

Түсі ақ, сұрлы, сарғыш, қызғылт. Қаттылығы 3,5-4. Тығыздығы 2,8.

Диагностика: жасырынкристаллды тығыз массалар ақ немесе сарғыш түсті дұрыс емес сынғыштығымен. Оптикалық, рентгенографикалық, термографикалық әдістермен жақсы диагностикаланады.

Пайда болу жолы: гидротермалды, жанартаулық әрекетімен байланысты- сілтілерге бай эффузиті жыныстарды күкіртқышқылды ерітінділерен қайта өңдеу кезінде пайда болады. Осы үрдістермен бірге (алунитизация) каолинитизация және жыныстардың кремнийлену болады.

Кенорындары: Азербайджанда Заглинское кенорны, Қытайда Фаншан мен Тайху кенорыны.

Қолдануы: алунитті жыныстар алюминийге кен.

Ярозит $KFe_3^{3+}[SO_4]_2(OH)_6$

Тұтас түйіршікті және топырақты массаларда пайда болады. Конкреция түрінде. Түсі охралы-сары, қонырлы-қызыл-сары (буро-желтый). Сызылу түсі сары, ұшқындайды (искрящаяся). Ұстаған кезінде майлылығы сезіледі. Тұз қышқылында ериді.

Пайда болуы: темірдің күкіртті қосылыстары (көбінесе пириттің) бұзылу кезінде тотығу зоналарында пайда болады.

Кенорындары: Солтүстік Қазақстанда Майкаин алтынды кенорында тотығу зонасында

Қолдануы: жіңішке ысып жылтырататын ұнтақ түрінде қолданады.

Тақырып: Вольфраматтар.

Мақсаты: диагностикалық белгілер және физикалық қасиеттер арқылы минералдарды анықтауын үйрену.

Құрал жабдықтар: микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, физикалық қасиеттерді анықтауға арнылған құралдар, минералдардың үлгілері.

Шеелит $Ca[WO_4]$

Изоморфты қоспалар түрінде шеелиттерде кейде молибдениттер кездеседі. MoO_3 саны бір пайыздан асса онда молибдошеелиттеп аталады.

Сингония тригоналды. Крисатладры тетрагоналды дипирамидалар түрінде кездеседі, жиі скарндарда және карцті желілерде дұрыс емес сеппелерді құрайды.

Түсі ақ, сұр, сары. Сызылу түсі ақ. Жылтырлығы майлы. Жымдастығы орташа. Сынғыштығы тегіс емес. Қаттылығы 4,5. Тығыздығы шамамен 6.

Майлы жылтырлығы бойынша ажыратылады, тұз және азот қышқылында WO_3 сары тұнбаны бөлумен ыдырайды; Металлды қалайымен еретіндіні ысытқан кезде көк түске айналады.

Пайда болуы: көбінесе скарнді.

Серіктері: салит, геденбергит, анрадит, кальцит, кварц, молибденит. Кварц желілерінде пайда болуы гидротермалды.

Кенорындары: Орта Азияда, Солтүстік Қазақстанда, Оралда.

Қолдануы: маңызды вольфрамды кен.

Тақырып: Молибдаттар.

Мақсаты: диагностикалық белгілер және физикалық қасиеттер арқылы минералдарды анықтауын үйрену.

Құрал жабдықтар: микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, физикалық қасиеттерді анықтауға арнылған құралдар, минералдардың үлгілері.

Ферримолибдит $Fe_2[Mo_4]_3 \cdot 4H_2O$

Жіңішкеталшықты топырақты жиынтықтар (скопления) және ұнтақты массалар түрінде. Түсі күкіртті-сары, жасылды-сары. Молибденит бойынша молибденитті кенорындарда тотығу зоналарында пайда болады.

Молибденитті іздеу кезінде маңызды болып келеді.

Қазақстанда, Бурятияда.

Тау жыныстардың зерттеу әдістері.

Таужыныстар далалық жағдайларда және зертханаларда зерттеледі. Олар бір-бірін толықтырады. Далалық петрографиялық жұмыстар таужыныстардың жатысының геологиялық жағдайларын, басқа жыныстармен байланысын қарастырады. Осында келесілер мәлеметтерді қарастыру керек: жатыс пішінін, мөлшерін, жарықшақтылығын, контакттерін, үгілу үрдістердің әрекетін.

Жобамен минералдық құрамы анықталады және жыныстың пайда болуы қарастырылады, нақты химиялық-аналитикалық зерттеулер арқылы анықталады. Далалық жағдайлардың зерттеулері арқылы жынысқа далалық анықтама (атауы, ж.т.б.) беріледі.

Зертханада таужыныстардың химиялық құрамын анықтау үшін химиялық анализ қолданылады, оның алдында спектралды анализ жүргізілуі мүмкін.

Арнайы петрографиялық әдістерден кристаллооптикалық әдіс қолданады – поляризацияланған жарықты (поляризацияланған свет) қолдану арқылы. Осы әдісті қолданған кезде әртүрлі жүйедегі поляризациялық микроскоптар қолданады. Осы микроскоп арқылы ұсақ кристаллдық түйіршіктер немесе шлифтер зерттеледі. Шлиф (тастілім) – қалыңдылығы 0,03 мм шыныға жабыстырылған таужыныстың кесігі (срез).

Ластанудан қорғау үшін таужыныстын пластинасына жіңішке үстінен жабатын шыны жабыстырылады. Шлифтарды жасаған кезінде арнайы клеймен қолданады – канадтық бальзам.

Тау жыныстарды анықтаудың технологиялық қадамдары:

1. Минералдық құрамын анықтау.
2. Минералдардың пайыздық құрамын көз мөлшерімен анықтау (басты, аксессуарлы және қайталмалы минералдарға бөлу).
3. Тау жыныстың түсін анықтау.
4. Тау жыныстың құрылымын анықтау.
5. Тау жыныстың түзілімін анықтау.
6. Сеппелділігін, жарықшақтануын, кеуектілігін анықтау.

Жұмыстын орындалуы: тапсырмаларда берілген сипаттамалар бойынша тау жыныстардың түрлерін анықтау. Анықтау кезінде технологиялық қадамдарды сақтау.

Магмалық тау жыныстардың құрылымы мен түзілімі

Құрылым деп тау жыныстың құрылысының ерекшеліктерін айтады, олар кристаллдылықтың дәрежесінен, минералдардың өзара қарым-қатынасы, пішіні мен мөлшерінен тәуелді болып келеді.

Түзілім деп минералды агрегаттардың кеңістікте таралуын, яғни тау жыныстың дене бітімін айтады.

Интрузивті жыныстардың құрылымдары:

1. Толық кристаллды – ірі түйіршікті, орта түйіршікті, ұсақ түйіршікті, біркелкі түйіршікті.
2. Порфир тәрізді - негізгі массаның арасында, көбінесе ұсақ түйіршікті, ірі минералдардың сеппелері шашыраңқы орналасуы, мысалы далалық шпат.
3. Пегматитті – екі минералдың бір уақытта кристаллизацияланудың нәтижесінде пайда болады.

Эффузивті жыныстардың құрылымдары:

1. Жартылай кристаллды.
2. Шынылы (гиалинді).
3. Афанитті – аса жіңішке кристаллды тығыз жыныстар және олар кристаллды-түйіршікті құрылысқа ие.
4. Порфирлі – сеппелер жасырын кристаллды немесе шынылы массалардың арасында шашыраңқы орналасады.
5. Витрофирлі немесе шынылы – микролиттердің саны аз болған кезде және шынының басым болған кезінде пайда болады. *Микролиттер* (минералдардың ұрықтары) шыныда әртүрлі санында кездеседі.

Түзілімдер:

1. Массивті – толық кристаллды, түйіршікті жыныстарға сипатты.
2. Ағынды (флюидалды) – атылған жыныстарға сипатты.
3. Бадам тәрізді – қуыстардың болу нәтижесінде пайда болады, осы қуыстар кальцитпен, цеолитпен және басқа минералдармен толтырылады.
4. Такситті (шлирлі) – минералды жиналуының орналасуы жеке дақтардың түрінде пайда болады.

5. Кеукті – жыныстарда кеуктердің болуымен сипатталады, олар эффузивті жыныстар қатаю кезінде газдардың бөліну нәтижесінде пайда болады.

Шөгінді тау жыныстардың құрылымы мен түзілімі

Құрылымдар:

1. Пайда болуы *түйіртпекті* жыныстар – қатты түйіртпекті (псефитті), құмды (псаммитті), құмайты, сазды (пелитті), араласқан. Түйіртпектердің (кесектердің) мөлшерімен сипатталады.
2. Пайда болуы *химиялық* жыныстар – түйіршіктердің мөлшері бойынша: ірі кристаллды (>1,0мм), орта кристаллды (1-0,1мм), жасырын кристаллды (0,1-0,01мм), пелитоморфты (<0,01мм).
3. Пайда болуы *органикалық* жыныстар - биоморфты (жақсы сақталған ағзалар байқалады), детритусты (ағзалардың қаңқалардың кесектері байқалса).

Шөгінді тау жыныстардың құрылымында маңызды рөлді цемент атқарады және ол жыныстың түйіршіктерімен қарым-қатынасын көрсетеді. Құрамы бойынша цементтің келесі түрлері болады: избестасты, сазды, кварцты, әктасты (немесе мергельді), глауконитті, битумдалған, темірлі және т.б.

Түзілімдер:

1. Кебу жарықшқтары, жаңбырдың тамшы іздері, ағыстың, соқпа толқынның, иірілімдердің белгілері. Осы түзілімдер пайда болуына қолайлы жағдайлар қажет және ең бастысы - жылдам жиналу.
2. Қабатты – жыныстардың бір-бірімен алмасуында, олар бір-бірінен түйіршіктердің мөлшері бойынша, бояулары және басқа белгілері бойынша ажыратылады.
3. Домалақты – қисық жазықтықтар бойынша бөлінудің нәтижесінде пайда болады.

Метаморфты тау жыныстардың құрылымы мен түзілімі

Метаморфты жыныстардың *құрылымы* қатты күйде қайта кристаллданудың нәтижесінде немесе кристаллобластез арқылы пайда болады. Осындай құрылымдардың түрлері келесі:

А) *Кристаллобластты*, олардың ішінде минералды түйіршіктердің мөлшері және олардың орналасуы бойынша келесі түрлерді ажыратады:

1. Гранобластты – жыныстың түйіршіктері мөлшерлері бойынша салыстырмалы жақын және шамамен дөңгелек контурлаға ие болады.
2. Мүйіздікті (роговикті) – кетікті шеттерімен ұсақ минералдардың түйіршіктерінен тұрады.
3. Лепидобластты – немесе қабыршақты, ол қабыршақты минералдардың болуымен сипатталады (слюдалар, хлориттер, тальк).
4. Фибробластты – немесе талшықты (немесе баутәрізді), құрамында міндетті түрде ине тәрізді немесе талшықты пішінді минералдар болады (силлиманиттер, амфиболдар).
5. Нематобластты – бақаналы, призмалық, сабақты минералдарынан құралған, көбінесе амфиболдар тобынан.
6. Келифитті (немесе друзитті) – бір минералдар басқа минералдарға жиек түрінде өсуі қарастырылады, мысалы, амфиболдың оливинге және пироксен негізгі жыныстарға өсуі.
7. Пойкилобластты – минералдардың ірі түйіршіктерінде ұсақ кірікпелер болады.
8. Порфиробластты – ірі түйіршіктер – порфиробласттар негізгі жіңішке түйіршікті массалардың арасында орналасады.

Б) *Катакластикалық* – дислокациялық метаморфизмнің жыныстарына сипатты; нәзік минералды түйіршіктер мен ұсақтаған жыныстарымен сипатталады, майысқыш минералдардың иілуімен (хлориттер, тальктер) және механикалық деформациялардың болуымен сипатталады.

В) *Милонитті* – жыныстардың минералды түйіршіктерінің белсенді ысқылау мен үгілудің нәтижесінде пайда болады және осының нәтижесінде жіңішке шаң пайда болады. Осы шаң жіңішке жолақтарға ие, осының үстерінде жаңа минералдар пайда болуы мүмкін, олар сипатты порфиробласттар түрінде кездеседі– овоидтар.

Г) *Реликтті* (немесе қалдықты) – метаморфизмге ұшыраған алғашқы жыныстардың болуын көрсетеді.

Түзілімдер:

1. Жіктасты – жыныстар жіңішке плиткалар мен пластиналарға бөлінуімен сипатталады.
2. Жолақты – құрамы бойынша әртүрлі жолақтардың алмасу кезінде пайда болады, олар шөгінді жыныстардың түзілімдерін қалдырған кезде пайда болады.
3. Дақты – жыныстарда түсі, құрамы бойынша ажыратылатын участкелердің (дақтардың) болуы.
4. Массивті – жынысқұраушы минералдардың бағдарлануы болмаған кезінде пайда болады.
5. Бұйраланған тәрізді (плойчатая) – стресс арқылы жыныстар ұсақ қабаттарға жиналған болады.
6. Дөңгелекті (очковая) – жыныстардың жіктасты массаның арасында дөңгелекті агрегаттардың болуымен сипатталады.
7. Катакластикалық – минералдардың ұсақталуымен және деформациясымен ерекшеленеді.

Тақырып: Магмалық таужыныстар.

Мақсаты: таужыныстарды анықтауын үйрену.

Құрал жабдықтар: микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, физикалық қасиеттерді анықтауға арналған құралдар, жыныстардың үлгілері.

Қышқыл таужыныстар

Шығу тегі: интрузивті

Минералдық құрамы:

Басты минералдары: кварц (25-35%), калийлі далалық шпат (35-40%), қышқыл плагиоклаз (15-25%), биотит (5-15%), сирек мусковит (0-3%), мүйіз алдамшы.

Екінші дәрежелі және акцессорлы минералдар: апатит, циркон, магнетит, турмалин (1-2%).

Қайталмалы: серицит, каолинит, хлорит.

Түсі: ашық-сұр, алқызыл, жасыл

Құрылымы: толық кристаллды, түйіршікті (ірі-, орта- және ұсақ түйіршікті), порфир тәрізді.

Түзілімі: массивті.

Тау жыныстың атауы: Гранит

Тығыздық: 2,54-2,78 г/см³

Алуан түрліктері: аляскит, рапакиви, биотитті гранит, амазанитті гранит, екі слюдалы гранит.

Жатыс пішіндері: батолит, шток, дайка, лакколит.

Қолдануы: қаптау материал ретінде құрылыста, үшкіртастар, бұл ретінде.

Кенорындары: Солтүстік Кавказ, Украина, Орал.

Шығу тегі: эффузивті (граниттің аналогтары)

Минералдық құрамы:

Басты минералдары: кварц (25-35%), калийлі далалық шпат (35-40%), қышқыл плагиоклаз (15-25%), биотит (5-15%), сирек мусковит (0-3%), мүйіз алдамшы.

Екінші дәрежелі және акцессорлы минералдар: апатит, циркон, магнетит, турмалин (1-2%).

Қайталмалы: серицит, каолинит, хлорит.

Түсі: ашық-сұр, қызғылт, сарылы

Құрылымы: порфирлі

Түзілімі: ағынды, массивті.

Тау жыныстың атауы: Липарит (риолит)

Тығыздық: 2,14-2,59 г/см³

Жатыс пішіндері: лавалы ағындар, күмбездер, қабатты шоғырлар.

Қолдануы: құрылыс істе, шыны өнеркәсіптікте.

Кенорындары: Қазастан (метариолиттер), Солтүстік Кавказ, Қиыр Шығыс, Камчатка.

Тау жыныстың атауы: Кварцты порфир

Минералдық құрамы: гранит сияқты, граниттен тек құрылысы мен пайда болу жолы бойынша ажыратылады. Липариттен бұзылу дәрежесі бойынша ажыратылады. Тығыз жыныс, кварц түйіршіктердің ірі сеппелерімен (сұрлы, қара, шынылы түйіршіктер, дұрыс емес пішінді), далалық шпаттың сеппелерімен (қызыл, сары, ақ түйіршіктер, пішіндері дұрыс, көбінесе күңгірт (тускые)

Түсі: қоңыр-қызыл, қызыл, сары, жасылды, күлгінді, сұрлы, қою-сұр

Құрылымы: порфирлі

Түзілімі: ағынды, массивті.

Айырмашылық белгілері: тығыздығы жоғары емес, порфирлі құрылыс сипатты,

Жатыс пішіндері: жабындылар, ағындар
Пайда болуы: палеотипті жанартаулық жыныс
Қолдануы: құрылыс материал
Кенорындары: Оңтүстік Орал

Орта таужыныстар

Шығу тегі: интрузивті

Минералдық құрамы:

Басты минералдары: далалық шпат

Екінші дәрежелі және акцессорлы минералдар: аз мөлшерде - мүйіз алдамшы, авгит, кейде биотит. Кварц құрамында болмайды, немесе өте аз мөлшерде. Қою түсті минералдар аз мөлшерде болады (15% шамасында). Гранитқа ұқсастырады, тек кварц болмауымен ажыратылады. Нефелинді сиениттен құрамында нефелин болмауымен ажыратылады.

Түсі: ашық түсті – алқызыл, қызыл, ашық-сұр, ақ.

Құрылымы: түйршікті құрылым сипатты

Тау жыныстың атауы: Сиенит

Тығыздық: 2,57-2,79 г/см³

Алуан түрліктері: кварцты диориттер

Жатыс пішіндері: штоктар

Қолдануы: қаптау материал ретінде құрылыста, үшкіртастар, бұл ретінде

Кенорындары: Орал, Қырғызстан (Ыстық-Көл).

Шығу тегі: эффузивті – кайнотипті жанартаулық жыныс, сиениттің аналогі

Минералдық құрамы: сиениттен ажыратылмайды, тек құрылымы және пайда болу жолымен ажыратылады

Трахит – далалық шпаттардың түйіршіктерінің ұсақ сеппелерімен жыныс (ақ, тегіс, жылтыр түйіршіктер). Қою түсті минералдардың сеппелері (қара слюда, мүйіз алдамшы, пироксен) өте аз болады.

Түсі: ашық түсті – қызғылт, қоңырлы-қызыл, сарғыш, сұрлы, ақ

Құрылымы: порфирлі, домалақты (ноздреватый), адыр-бұдырлығы сезіледі (шероховатый на ощупь)

Тау жыныстың атауы: Трахит

Тығыздық: 2,40-2,71 г/см³

Жатыс пішіндері: ағындылар, жабындылар

Қолдануы: құрылыс және қышқылға төзімді материал ретінде, шыны өнеркәсібі шыны алуда, диірменнің үстіндегі тасты жасауда (изготовления жерновов)

Кенорындары: құрлықтан алыс орналасқан жанартаулық аралдарда кездеседі (Азоровские, Вознесения, Святой Елены, Гавайские)

Шығу тегі: эффузивті, сиениттің аналогі

Тау жыныстың атауы: Порфир (ортофир)

Минералдық құрамы: синетитен айырмашылығы құрысы мен пайда болуы, трахиттерн – бұзылу дәрежесімен.

Порфир - тығыз жыныс, тікенекті/тускый далалық шпаттын түйршіктерінің сеппелерімен.

Түсі: ашық түсті: қызғылт, сарғыш, қоңырлы-қызыл / бурая. Порфир мәтілі.

Құрылымы: порфирлі

Алуан түрлігі: Альбитофир – далалық шпат порфирлі бөліктері альбитпен құралған

Жатыс пішіндері: ағындар, күмбездер.

Пайда болуы: палеотипті жанартаулық жыныс.

Қолдануы: сәндік қаптау материалы, ол көркем бұйымдар мен кәдесыйлар жасау үшін қолданылады

Кенорындары: Оралда, Кавказда, Крымда, Алтайда, Қазақстанда

интрузивті тау жыныс – сілтілі жыныс

Минералдық құрамы:

Басты минералдары: Калийлі далалық шпат (55-65%), нефелин (15-30%), сілтілі пироксендер және амфиболдар (10-25%), сирек биотит

Екінші дәрежелі және акцессорлы минералдар: Циркон, титанит, апатит, магентит (~2%)

Қайталмалы: Серицит, каолинит, хлорит, цеолиттер

Түсі: жасылды, сұрлы

Құрылымы: ірі түйршікті

